

**КИЕЛІ КІТАП
ҚАНДАЙ ТӘЛІМ
БЕРЕДІ**

Еммаус кітабы

Барлық құқықтар авторлардың құқықтары туралы халықаралық заңмен бекітілген.

Кітаптың мазмұны мен мұқабасын автордың жазбалай рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара кез келген түрде көшіріп қолдануға болмайды.

© 2000, «Духовная свобода», Мәскеу қаласы.

ЕММАУС КУРСТАРЫ

Киелі кітапты хат арқылы сырттай оқып-үйренуге арналған Еммаус курстарына енді Орталық Азияда да жазылуға болады. Киелі кітапты оқыпбілу үшін Еммаус курстарын қолданып жатқан миллиондаған адамдардың қатарына сіз де қосылыңыз.

ШОЛУ

- ▲ Еммаус курстарының негізі 1942 жылы Канадада қаланды.
- ▲ Олар әлемнің 105 елінде, 125 тілде оқылады.
- ▲ Дүние жүзі бойынша 17 миллионнан астам оқулық таратылды.

Бұл курстарды әр түрлі жолдармен қолдануға болады:

- ▲ жеке басы оқып-үйрену
- ▲ топпен оқып-үйрену
- ▲ үй қауымында оқып-үйрену
- ▲ бір оқушыбір тәлімгер болып оқып-үйрену
- ▲ түрмедегі топтарда оқып-үйрену
- ▲ және т.б.

Еммаус курстарына әр түрлі адамдар жазыла алады, мысалы:

- ▲ студенттер
- ▲ жұмыскерлер
- ▲ кәсіби мамандар
- ▲ үй шаруасындағы әйелдер
- ▲ зейнеткерлер

- ▲ жастар
- ▲ және т.б.

Әрбір оқулыққа тексеру дәптері қоса беріледі. Оқулықтар он екі сабақ пен тексеру жұмысынан тұрады. Әрбір тексеру дәптерінде оқылған тақырып бойынша жауап берілуге тиісті 12 сұрақ бар.

Жауаптар қажетінше түзетіліп, оқып-үйренушіге кері қайтарылады.

Мына мекенжаймен байланысыңыз:

Шығыс сәулесі

«Еммаус»

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы 050031, а/ж 68

www.emmaus-ca.net

e-mail: emmaus.ca@eemail.org

КИЕЛІ КІТАП

КІРІСПЕ

Киелі кітап басқа кітаптардың барлығынан да өзгеше. Киелі кітапқа қарағанда, ол біртұтас болып көрінеді. Алайда ол алпыс алты бөлек-бөлек жазбалардан тұрады. Алғашқысы Жаратылыстың басталуы, соңғысы Аян.

Осы алпыс алты жазба екі бөлімнен тұрады. Біріншісі Көне Келісім (Таурат, Пайғамбарлар жазбалары, Забур жырлары) деп аталады, оған отыз тоғыз жазба кіреді. Жаңа Келісім (Инжіл шариф) деп аталатын екінші бөлім жиырма жеті жазбадан тұрады.

Киелі кітапта оның барлық жазбаларының атауларының мазмұны беріледі. Мұнда сондай-ақ әрбір жазбаның басталатын беті де көрсетілген.

КИЕЛІ КІТАПТЫ КІМ ЖАЗҒАН?

Киелі кітапты жазуға ең аз дегенде отыз алты адам қатынасқан. Оның ең алғашқы жазбасы жазылған уақыттан бастап ең соңғы жазбасының жазылып біткен уақытының аралығында мың алты жүздей жыл өткен. Алайда төмендегіні есте сақтау аса маңызды: Киелі кітап адамды шабыттандырып, рух беретін Құдайдың сөзі болып табылады. Бұл нені білдіреді? Бұл сол адамдардың Киелі кітапты Құдайдың тікелей бақылап жетелеуімен жазғанын білдіреді. Құдай оларды Өзінің қалауына сай келетін сөздерді жазуға бағыттап отырған. Киелі кітаптан келтірілген төмендегі аяттар оны жазғандардың Құдайдың рухтандырып жігерлендіруінің аясында болғанын көрсетеді.

«...Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес. Қайта, Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды» (Пет2 1:21).

«...Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ (Тім2 3:16-17).

Сонымен біз Киелі кітаптың Құдайдың сөзі екенін көреміз. Кейбіреулер Киелі кітап Құдайдың сөзін қамтыған дейді. Бұл пікір Киелі кітаптың кейбір бөліктерінің Құдайдың жетелеп, шабыттандыруымен, ал басқаларының Құдайдың жетелеуінсіз жазылғанын білдіруі мүмкін. Алайда, (шын мәнісінде) *Киелі кітаптың әрбір бөлігі Құдайдың жетелеп, шабыттандыруымен құрастырылған.* «Киелі жазбалардың бәрі Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылған».

Сонымен қатар аса маңызды мына жайтты да есте сақтаған абзал. Құдай адамға ешқандай басқа сөзін қалдырған жоқ! Киелі кітап Құдайдың бірден-бір жазылған сөзі, Оның бізге қалдырған аяны. Киелі кітаптың ең соңғы тарауында Құдай бізге оған ештеңе қоспауды және одан ештеңені алып тастамауды ескертеді (Аян 22:18,19).

КИЕЛІ КІТАП БІЗГЕ НЕ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ?

Киелі кітап алпыс алты жазбадан тұрғанмен, онда бір басты ой қамтылған: ол бізге Мәсіх туралы жариялайды. Көне Келісімде (Таурат, Пайғамбарлар жазбалары, Забур жырлары) Исамен не болатыны туралы, Оның дүниеге келуі, өмірі мен өлімі туралы көптеген пайғамбарлық

сөздер бар. Инжіл шарифте (Жаңа Келісімде) Мәсіх осы әлемге келгенде оның басынан өткізген жайттары баяндалған.

КИЕЛІ КІТАПТА НЕ ҚАМТЫЛҒАН?

Киелі кітап әлемнің басталған уақытынан жаңа аспан мен жаңа жердің жаратылатын кезіне дейін әңгімелейді.

Жаратылыстың басталуында әлемнің жаратылуы, күнәнің әлемге енуі жайында, топан су мен Исраил халқының тарихы туралы баяндалған. Мысырдан көшіп шығу жазбасынан бастап Естердің жазбасына дейін Мәсіх туылғанға дейінгі шамамен төрт жүз жылғы аралықтағы Исраил халқының басынан кешкендері айтылған. Әйүптің жазбасынан Сүлейменнің таңдаулы әні кітабына дейінгі жазбаларда керемет өлең жолдары мен даналық сөздер көптеп кездеседі. Көне Келісімнің басқа жазбаларында (Ишая пайғамбардың жазбасынан Малахидің жазбасына дейін) болашақ уақытта болатын жайттар жайлы айтылған пайғамбарлық сөздер көптеп кездеседі. Оларда Құдайдың Исраил халқына арналған сөздері берілген. Құдай халыққа сол кездегі олардың жағдайын ашып көрсетіп, болашақ уақытта олармен не болатыны жайлы айтады.

Инжіл шарифтің (Жаңа Келісім) басында Ізгі хабар деп аталатын төрт кітап бар. Олардың әрбіреуі Иеміз Мәсіх Исаның жер бетінде болған кезіндегі өмірі жайлы баяндайды. Мәсіхтің елшілерінің істері жайлы кітапта алғашқы сенушілер және Пауыл елшінің өмірі туралы айтылған. Римдіктерге арналған хаттан бастап Яһуданың хатының арасындағы жазбалар сенушілер қауымдарына немесе жеке тұлғаларға арналған хаттар. Олар МәсіхИсаға деген сенімнің ұлы шындықтарын түсіндіріп, өмірімізді

қалай өткізуіміз жайлы айқын тәлімді үйретеді. Аян жазбасы бізге болашақтың пердесін сәл ашып көрсетеді. Ол болашақта көкте, жерде және тозақта болатын жайттар туралы баяндайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз сіздің назарыңызға Киелі кітапқа қатысты айтылғандарды ұсынамыз: Бұл кітап Құдайдың даналығын, адамның жағдайын, құтқарылу жолын, күнәкарлардың сотталуын, сенушілердің қуанышы мен шаттығын қамтиды. Оның тәлімі киелілігімен айрықшаланады, заңдары мызғымас берік, ондағы тарихи әңгімелер шынайы, оның анықтамалары өзгермейтін тұрақты. Даналыққа ие болу үшін оны оқыңыз, құтқарылуға ие болу үшін оған сеніңіз, киелілікке ие болу үшін өз өміріңізде оның тәлімін жүзеге асырыңыз. Онда сізге бағыт беретін нұр, қуат беретін азық, жігерлендіретін жұбаныш бар. Ол сіздің игілігіңізге арналған. Оның түпкі мақсаты Құдайды даңқтау, өзі соған арналған. Оны асықпай әрі зейін сала оқыңыз. Алдымен Құдайға дұға еткеннен кейін Киелі кітаптың беттерін ашыңыз.

Ол кітаптардың Кітабы. Онда Құдай Өзін адамзатқа аян етеді.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

БІРІНШІ ТАРАУ — КИЕЛІ КІТАП

1. Киелі кітап туралы біліміңізді тексеріңіз. Киелі кітап қанша жазбадан тұрады? Көне Келісімде қанша жазба бар? Инжіл шарифте (Жаңа Келісімде) ше?
2. Киелі кітапты «Құдайдың жетелеп, шабыттандыруымен

жазылғандығы» нені білдіреді?

Пет2 1:21 және Тім2 3:16-17 аяттарға қараңыз. Неліктен бұл маңызды?

3. Көне және Жаңа Келісімдер арасындағы негізгі айырмашылықтарды суреттеңіз.

4. Киелі кітапта қандай басты тақырыптар көтерілген.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚҰДАЙ ИЕ

Құдайды және өзіңіздің Онымен қарым-қатынасыңызды танып білу сіздің санаңыз үшін ең маңызды іс.

ҚҰДАЙДЫҢ БАР ЕКЕНДІГІ

1. Киелі кітап Құдайдың бар екенінің дәлелін беруге тырыспайды. Бұл күллі жазбаның барысында айқын да нақты әрі ешбір талассыз дәйек ретінде ұсынылған. Бұған кітаптың ең алғашқы аяты мысал бола алады. «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты». Осы аят Құдайдың бар екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін дерек екенін көрсетеді. Забур жырында (13:1) Құдай жоқ деген адам ақымақ деп аталған.

2. Алайда Киелі кітаптан басқа Құдайдың бар екенін дәлелдейтін белгілі бір куәліктер де бар.

а) Күллі әлемде адамдар әрдайым Құдайдың бар екеніне және Оның адамдардан басым да ұлы

екеніне сенген.

ә) Дүниеде бар нәрсенің бәрі бір нәрсеге немесе біреу арқылы өмірге келген. Әлемнің өздігінен пайда болуы мүмкін емес.

б) Барлық жаратылғанның өзіне тән ұлы жоспарының және барлық нәрселердің өзіндік жүктелген міндетінің бар екендігі көрінеді. Бұл осы жоспарды және міндетті іс жүзінде асырған Біреудің болуға тиіс екенін білдіреді.

в) Адам ақыл-ой иесі, ол жақсы мен жаманды ажырата біледі. Оны Жаратушы жоғары саналы, құдіретті Біреу болуға тиіс. Адамды Жаратқан сол Біреу Өзі жаратқан адамнан әлдеқайда жоғары тұр.

ҚҰДАЙДЫҢ БОЛМЫСЫ

1. *Құдай — Рух* (Жох 4:24). Бұл Құдайдың денесінің жоқ екенін білдіреді. Біз Оны көре алмаймыз. Алайда Құдай бізге Өзін біз көре алатын сыртқы қалыпта көрсете алады. Құдай осы әлемге Иса Мәсіхтің тұлғасында біздің тәнімізге ұқсас денемен келді (Жох 1:1,14,18; Қол 1:15; Евр 1:3).

2. *Құдай — Тұлға*. Бізге тән ерекшеліктер Оған да тән. Ол біледі және ұғып-түсінеді (Ишая 55:8,9). Оның сезімі бар, мысалы қайғы (Жар 6:6), сүйіспеншілік (Жох 3:16), шапағат, қайырым (Заб 110:4), қызғаныш (Мыс 20:5) және ашу-қаһар (Заң 1:37). Оның еркі де бар (Заб 113:11; Жох 6:38).

3. *Құдай жалғыз*. Киелі кітап жалғыз Құдай бар деп үйретеді (Заң 4:39), (Мар 12:29). Тім 1 2:5 оқыңыз. Көп құдайдың бар екендігі жайлы тәлім — жалған тәлім, ол ақыл-санаға қарсы. Барлығынан да заңғар тұрған тек бір-ақ Жаратқан Иенің болуы мүмкін.

4. *Үшбірлік*. Құдайдың адамнан асқақтығы сонша, егер Ол Өзін ашып көрсетпесе ешкім де Оны көз алдына

елестете алмайды әрі танып-біле де алмайды. Киелі кітап Құдайдың біртұтас екенін үйретеді, алайда Оның бойында үш Тұлға бар: Құдай Әке деп аталатын Басты тұлға, рухани Ұлы және Киелі Рух. Бұл үш Құдай емес, өйткені Құдай Өзінің болмысында бөлінбейді. Біз үш Тұлғадан тұратын, бірақ біртұтас Құдайды суреттегенде «Үшбірлік» ұғымын қолданамыз. Адамның санасы үшін бұл құпия болып табылады. Біз оны толықтай түсіне алмаймыз, бірақ оған сене аламыз, өйткені Құдайдың сөзі мұны шындық дейді. Киелі кітаптан біз үшбірлік сөзін таба алмаймыз, алайда төмендегі аяттарда бұл ұғымды дәлелдейтін шындық бар.

а) Иса Мәсіх суға шомылу рәсімінен өтіп жатқан кез. Мат 3:16, оқыңыз.

ә) Ұлы өсиетті табыстап жатқан кез. Мат 28:19 оқыңыз.

б) Қор2 13:13 аяттағы жарылқаулар туралы оқыңыз.

Рим 1:7 аятта Әке Құдай деп аталған. Евр 1:8 аятта рухани Ұл Құдай деп аталған. Елш 5:3,4 аяттарда Киелі Рух Құдай деп аталған.

Құдайлық Үшбірліктегі Әке, рухани Ұл деп аталған тұлғалар арасындағы қарым-қатынас адами түсінік тұрғысындағы Әке мен ұлдың арасындағы қарым-қатынасқа ұқсамайды.

Құдай Әке адам сияқты Ұлын туғызған жоқ. Мәсіх Иса Өзінің Әкесімен, Әкесінің Өзімен тығыз байланыста екенін айтқан (Жох 14:9-11). Ол Әкем екеуіміз біртұтаспыз деген (Жох 10:30). Мұндай қарым-қатынас адамдарда әке мен ұлдың арасында байқалмайды.

ҚҰДАЙДЫҢ БОЛМЫСЫ

Құдайдың қандай екенін түсіндіру қиын. Ең жақсысы Оның кейбір қасиеттерін немесе Оған тән ерекшеліктерді сипаттау. Біз оларды Құдайдың атрибуттары, яғни, Оның ажырамас қасиеттері деп атаймыз.

1. *Құдай — барлық жерде бар.* Бұл Құдайдың бір мезгілде барлық жерде болатынын білдіреді (Ерм. 23:24, Заб. 138:7-12).

2. *Құдай — бәрін біледі.* Құдайға бәрі де аян: Оған біздің ойларымыз бен іс әрекеттеріміз белгілі. (Нқл. 15:3; Заб. 138:1,2; Евр 4:13).

3. *Құдай — құдіретті.* Құдай шексіз құдірет пен күшке ие. Ол әлемді жаратты, енді Өзінің құдіретімен оны бақылап, басқарады. Құдай Өзінің қалағанын істейді. (Ерм. 32:17,18; Жар. 17:1; Мат. 19:26).

4. *Құдай - мәңгілік.* Ешқашан Құдайдың бастамасы болған емес және Ол ешқашан да Өзінің тіршілігін тоқтатпайды (Заб. 89:3; Жар. 21:33; Заб. 101:27,28).

5. *Құдай - өзгермейді.* Құдай ешқашан өзгермейді. Ол тұрақты, өйткені Ол мүлтіксіз кемелділігімен айрықша (Мал 3:6; Жак. 1:17).

6. *Құдай - киелі.* Құдай мүлтіксіз тазалығымен және күнәсіздігімен айрықша (Иш 6:3). Ол күнәні жек көреді, ізгілікті ұнатады. (Нқл. 15:9,26). Құдай Өзінің көзінше күнәнің жасалуына жол бермейді, сондықтан да Ол күнәкарлардан ажыраған, бөлек. Ол күнәні жазалайды. (Иш. 59:1,2).

7. *Құдай - әділ.* Құдайдың істейтіндерінің бәрі әділ де әділетті (Заб. 118:137; Дан. 9:14). Ол Өзінің барлық уәделерін орындайды (Пат3 8:56).

8. *Құдай - сүйіспеншілік.* Құдайдың болмысы сүйіспеншіліктен тұрады (Жох1 4:8,16,19). Құдай күнәні жек көргенмен, күнәкарларды сүйеді (Рим.5:8). Жох. 3:16 аятты оқыңыз.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ЕКІНШІ ТАРАУ – ҚҰДАЙ ИЕ

1. Құдайдың бар екендігіне сенудің неліктен қиын екенін оқып шыққандарыңыз бойынша түсіндіріңіз. Бірқатар дәлелдерді келтіріңіз. (Заб 13:1).
2. Киелі кітапта Құдайдың бар екендігінің дәлелдері бар ма?
3. Құдайға тән ерекшеліктер мен қасиеттер қандай? Құдайдың адамнан айырмашылығы қандай?
4. Құдайдың барлық ажырамас қасиеттерінен басымызға ауыртпалық түсіп сыналған кезде бізге қолдау жасайтындарын атаңыз.
5. Құдайға **БАРЛЫҒЫНЫҢ** аян екендігі сыналған кезімізде біздің ойларымызға, айтқан сөздерімізге және істеген істерімізге қалайша әсер етеді?

ҮШІНШІ ТАРАУ

АДАМ

Егер біз адам туралы шындықты білгіміз келсе, Киелі кітапты қарауға тиіспіз. Өйткені «Шындық - Құдайдың айтқаны». Киелі кітаптан біз адамның қалай жаратылғаны, оның болмысы, басқа жаратылыстармен қарым-қатынасы, байланысы, күнәға батуы және болашақта онымен болатын жағдайлар туралы біліп аламыз.

АДАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Өзіміздің шығу тарихымызды, қалай пайда болғанымызды білгіміз келгені табиғи нәрсе. Біз жер бетінде әрдайым болып келген жоқпыз. Философтар деп аталатын ойшыл ғұламалар адамның пайда болуының әртүрлі теорияларын келтіреді. Адамның пікірі бойынша теория - болған жайттың себебі, алайда ол дәлелденген шындық емес. Адамның пайда болуының ең осы заманғы теориясы, бұл - эволюция теориясы. Осы теорияны ұстанушылар ешкім адамды жаратпаған, адам ең төменгі тіршілік иелерінің даму үрдісінің барысында пайда болған деп есептейді.

Алайда Киелі кітап бізге былай дейді: «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты, ... Құдай адамды ... жаратты» (Жар 1:1,27).

Құдай неліктен адамды жаратты? Құдай адамдар туралы «Өзінің салтанатты ұлылығын паш ету үшін оларды жаратып, қалыптастырып жасағанын» айтады (Иш 43:7). Бұдан біз өзіміздің Құдайды даңқтау үшін жаратылғанымызды көреміз.

АДАМНЫҢ БОЛМЫСЫ

Егер сіз адамның қалай өлетінін көрген болсаңыз, онда әрбір адамның физикалық тәнімен қатар, жаны мен рухының да болатынын білесіз. Міне, ол сіздің көз алдыңызда тірі, ал келесі сәтте ол жоқ, өлген. Оның денесі әлі де мұнда, көз алдымызда, алайда онда өмір жоқ, яки тірі емес. Тек өлі дене ғана қалған. Адам тек денеден ғана тұрмайды, оның сондай-ақ жаны мен рухы да бар.

Киелі кітапта адам үш құрылымнан: тән, жан және рухтан тұрады деп үйретеді (Сал1 5:23). Бізге жан мен рухтың

арасындағы айырмашылықты ұғыну қиын, өйткені тәнді көретініміздей оларды көре алмаймыз. Алайда киелі кітап бізге олардың арасында айырмашылықтың бар екенін көрсетеді. Хайуандардың тәні мен жаны бар, бірақ оларда рух жоқ. Адам тәнге, жанға және рухқа ие.

Атап айтқанда жан және оның тірі адамда бар болуы, адамды өлген адамнан ажыратса, рух адамды жануардан ажыратады. Рухқа бола біз Құдаймен қарым-қатынас жасай аламыз. Біздің сезімдеріміз бен қалауларымыз жанымыздың әрекеттері болып табылады, ал білу және ойлау қабілеттеріміз рухтан шығады. Рухқа ие болғандықтан, біздің Құдай алдында жауапкершілігіміз бар. Біздің аса маңызды міндетіміз Құдайдың өзімізге деген еркін танып-білу мен оны орындаудан тұрады.

АДАМНЫҢ ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ

Құдай әлемде басқа да тіршілік иелерін жаратты. Олар періштелер немесе рухтар. Олардың адамдікіндей тәндері, яғни денелері немесе жандары жоқ. Олар біздермен салыстырғанда әлдеқайда күдіретті, әрі Құдайға қызмет ету үшін де жаратылған. Біз іспетті олар да ерік бостандығына ие және өздері қалағандарын істей алады. Олардың кейбіреулері Құдайға мойынсұнбай, содан күнәға батты.

Құдай бізді ешқандай таңдау еркі жоқ, Өзіне мүлтіксіз бойұсынатын әлдебір тетік іспетті етіп жарата алар еді. Алайда мұның орнына Ол бізді Өзін сүйе алатын және еш мәжбүрсіз ерікті түрде Өзіне қызмет ете алатын қылып жаратты.

АДАМНЫҢ КҮНӘСІ

Құдай адамды ерік бостандығымен жаратқандықтан олар Оның еркіне сай немесе Оған қарсы іс-әрекет жасай алды. Әйтсе де Құдай кейбір адамдардың дұрыс жолды таңдайтынын сөз жоқ білді. Дәл солай болды да. Көкте Люцифер есімді ұлы періште болды. Қазір ол бізге эзәзіл шайтан есімімен белгілі. Ол Құдайға ашықтан-ашық қарсы шығу жолын таңдады. Құдай оны соңынан ерген періштелерімен бірге дереу көктен қуды. Сол кезден бастап эзәзіл шайтан түрлі-түрлі жолдар арқылы Құдайдың еркінің орындалуына жол бермей, бөгет жасауға тырысып келеді. Құдай адамды ерік бостандығымен жаратты, ал шайтан адамды Құдайға мойынсұнбауға азғыруға тырысады. Құдай адамға ескерткен болса да, шайтан оны күнәға еліктіре алды. Біз осы жақсы танымал оқиға жайлы Жаратылыстың басталуы атты жазбаның үшінші тарауынан оқи аламыз.

Киелі Құдай күллі әлемнің Басқарушысы. Ол Өзінің өсиеттері, шешімдері мен ережелеріне қасақана бағынбайтын бірде-бір тіршілікті Өзінің алдына жолатпайды. Дәл сол үшін де Құдай эзәзіл шайтан өз еркін Құдайдың еркіне қарсы қойғанда оны көктен қуып шықты. Құдай адаммен де солай істеп, оны пейіш бағынан қуып шығып, көз алдынан аулақтатты.

Әрбір пенде Адам атаның болмысын мұралаған. Біздің бәріміз де күнәға әлсіз немесе күнә жасауға бейім болып туылғанбыз. Бізге күнә жасау оңай-ақ, тіпті оны үйретудің де қажеті жоқ. Азғырылған кезімізде, біздің адамдық болмысымыз соған тез жауап береді, содан Құдайға қарсы күнә жасап қоямыз.

АДАМНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Киелі кітап біздің қайдан шыққанымыз жайлы баяндайды. Дәл солай ол біздің қайда баратынымыз жайлы да айтады. Біздің Құдайдың сотының алдында тұратын күніміз де жетеді. Өлімнің сөзсіздігінің айқындығы соншама, біздің бәріміз де әрбір адамның өлімге бағынышты екенін түсінеміз. Бірақ Киелі кітап әр адам «... содан соң қиямет сотының алдында тұрады» деп қосады (Евр 9:27). Құдай бізді жаратып, бізге Өзінің еркін білдірді. Сондықтан да біздің әрбіреуіміз айтқан сөздеріміз бен істеген істеріміз үшін Құдайдың алдында, сөз жоқ, жауаптымыз. Осы дүниедегі өмірімізде біз мәңгілікке, өлімнен кейінгі өмірге дайындаламыз. Біздің рухымыз хайуандар іспетті өлмейді. Ол бізді Жаратушы әрі Соттаушы Құдайға баруға тиіс.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ҮШІНШІ ТАРАУ — АДАМ

1. Құдай адамды неліктен жаратты? Құдайдың осы тарауда атап өтілген қандай ажырамас қасиеттері адамды жаратқанда көрінді?
2. Үш құрамдас бөліктен тұратын тіршілік иесі ретінде адамға анықтама беріңіз.
3. Құдай адамға неліктен ерік бостандығын берді?
4. Жаратылыстың басталуы жазбасының үшінші тарауының негізінде Хауаны азғырғанда эзәзіл шайтан қандай бірізді шараларды қолданды? Бұл бізге адамның күнәкарлығын ұғынуға қалайша көмектеседі?
5. Өз болашағын айқындауға қатысты адам не істей алады? Адам неліктен ұлы Жаратушы ретінде Құдайға сенім артқаннан гөрі, эволюцияға сенуге бейімдірек?

КҮНӘ

Жаратылыстың басталуы кітабының үшінші тарауын оқып шығыңыз.

КҮНӘ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Киелі кітапты оқу барысында, сіз оның күнә тақырыбына, оның себептері мен одан құтылу жолына көп назар аударатынын байқайсыз. Біз көбіне күнәні қылмысқа және кісі өлтіруге қатысты деп есептейміз. Алайда Киелі кітап бойынша Құдайдың кемелділік талабына сай келмейтіндердің бәрі де күнә болып табылады. Рим 3:23 аяттан біз «бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» дегенді оқимыз. «Құдайдың ұлылығы» туралы ойлағанда, біздің есімізге, әрдайым Құдайдың Өзінің мүлтіксіз кемелділігімен айрықшаланатыны түседі. Сондықтан да мүлтіксіз кемелділіктен тым қашық біздер күнә жасаймыз. Бұған бәріміз де кінәліміз.

Күнә туралы Киелі кітап былай дейді:

1. Құдайдың заңын бұзу немесе заңсыздық күнә (Жох1 3:4).
2. Құдайға бағынбау немесе Оған қарсы шығу, бұл күнә (Езк 2:3).
3. Әділетсіздіктің бәрі күнә (Жох1 5:17).
4. Ақлақтық азғындық немесе зинақорлық күнә (Пат2 12:9,13).
5. Сенімнің жоқтығы күнә (Рим 14:23).
6. Жақсылық жасамау күнә (Жақ 4:17).
7. Арам істер іспетті арам ойлар да күнәлі (Мат 5:28).

КҮНӘ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Киелі кітапта күнә жайлы еске алу алғаш рет көкте болған оқиғаларға байланысты айтылған. Люцифер атты періште өркөкіректеніп, Құдаймен бірдей болғысы келді (Иш 14:12-14). Осы өркөкіректігіне бола Құдай Люциферді көктен қуып жіберді. Содан ол Киелі кітапта эзезіл шайтан деп аталған зұлым күшке айналды.

Жер бетіндегі ең алғашқы күнә Жаратылыстың басталуы жазбасының үшінші тарауында баяндалған. Ол Едем бағында жасалды. Құдай Адам ата мен Хауа анаға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісінен жемеуге тиіс екендерін айтты (Жар 2:16,17). Алайда олар Құдайды тыңдамай, тыйым салынған жемістен жеді. Міне, осылайша олар күнәкарларға айналды.

КҮНӘНІҢ ЗАРДАПТАРЫ ҚАНДАЙ?

1. Адам мен Хауа күнә жасаған бойда, өздерінің жалаңаш екендерін біліп, Құдайдан жасырынып қалуға тырысты (Жар 3:7-10).

2. Күнәнің жазасы өлім. Күнәға батқан сәтте Адам мен Хауа рухани өлді. Бұл олардың Құдайдан ажырап, Онымен қарым-қатынастың рақатын көре алмайтындарын білдіреді. Оларға сонымен қатар тәндік өлім де билігін жүргізетін болады. Өлім оларды бірден құртып жібермеді, алайда олардың денелеріне күш болып енді. Сол күш өзінің солардың денелерін біртіндеп құрту ісіне кірісіп, ақыр соңында оларды өлімге әкелді.

3. Әрбір тірі пенде Адамның күнәкар болмысын мұралайды. Күнәкар ата-анасынан туған әрбір бала

өзінің тумысынан күнәкар болып табылады. Адамның үлкен ұлы кісі өлтіруші болды. Тумысымыздан күнәкар болғандықтан біздің бәріміз де Құдайдан ажырағанбыз. Бәріміз де рухани өліміз әрі тәндік тұрғыдан да өлетін күніміз жетеді. Ал енді Рим 5:12-18 аяттарды зейін қойып оқып шығыңыз.

4. Адамның күнәсіне бола барлық жаратылыс Құдайдың қарғысына ұшырады. Осы әлемде тікенекті ошағандар мен арамшөптердің бар болуы осыны білдіреді. Жар 3:14-19 аяттар бізге күнә жайлы басқа да куәліктерді келтіреді. Осы дүниеде күнәнің бар екендігіне бізге ешқандай басқа дәлелдердің қажеті жоқ, оған түрмелердің, ауруханалар мен зираттардың бар екендігінің өзі де жетіп жатыр. Көз жасы, ауру, қайғы-қасірет және өлім күнәнің зардаптарының бірқатар мысалдары, міне, осылар.

КҮНӘНІҢ ЖАЗАСЫ ҚАНДАЙ?

Құдай күнәнің жазасы өлім дейді. «Күнәнің беретіні (мәңгілік) өлім» (Рим 6:23). Біз мұның рухани және тәндік өлімді білдіретінін көрдік. Әрбір адам міндетті түрде осы жазаға ұшырайды. Құдай күнәні жазалауға тиіс.

Күнәмен өмір сүре бергенімізде біз рухани жағынан да, тәндік жағынан да өлі болып табыламыз. Бір күні өлеміз. Егер сол өлетін сәтімізге дейін күнәлі қалпымызда қала берсек, онда мәңгілік өлімге барамыз. Бұл біздің Құдайдан мәңгілік ажырап, отты көлде азап шегетіндігімізді білдіреді. Аян 20:14 аятта бұл екінші өлім деп аталады.

КҮНӘДАН ҚАЛАЙ САУЫҒАМЫЗ?

Күнәларымызға бола мәңгілік жазаға ұшырамауымыз үшін Құдай бізге сауықтыру жолын сыйлады. Біз күнәкар

жағдайымыздан құтыла алуымыз үшін Құдай осы дүниеге Өзінің рухани Ұлын жіберді. Иеміз Мәсіх Иса пәк қыз Мәриямнан дүниеге келді. Оның адамдар арасынан әкесі болған жоқ, сондықтан да Ол адам атаның күнәкар болмысын мұралаған жоқ. Ол ешқашан күнә жасамаған жалғыз адам болды. Ғолғатадағы айқыш ағашта құрбан болғанда, Ол біздің күнәларымыздың жазасын өз мойнымен көтеруге дайын болды. Сол арқылы Ол Киелі Құдайдың талабын қанағаттандырды. Күнәнің төлемін өз қанымен өтеп, Мәсіх бізге Құдайға жол ашып берді. Өзін күнәкармын деп мойындап, Мәсіх Иса өзінің Иесі әрі Құтқарушысы деп қабылдағандарға Құдай мәңгілік өмірді сыйлайды. (Осы тақырыпты «Рухани қайтадан туылу» және «Құтқарылу» жайлы тараулар тереңірек қарастырады).

Мәсіхке сенімімізді артқанда біз жазадан құтқарылып, күнәнің билігінен азат боламыз. Бұл Құдайдың біздің барлық күнәларымызды (бұрынғы, қазіргі және болашақтағы) кешіріп, солар үшін бізді ешқашан да соттамайтынын білдіреді. Енді бізде Құдай үшін өмір сүрудің күші бар. Біз енді күнә үшін жоқпыз.

Күнәларды кешіру жайлы мәселені қарастырған кезде сізге кешірімнің екі түрінің бар екенін есте сақтау қажет. Біріншісі соттағы кешірім деп аталады. (Бұл Құдайдың біздің алдымызда Сот іспетті болып тұрған кезінде). Бұл кешірім күнәні жазалауға қатысты. Келесі түрі - әкелік кешірім (Құдайдың біздің алдымызда Әке іспетті болып тұрған кезінде). Бұл кешірім күнәға бола бұзылған қарым-қатынасты (Құдаймен арадағы қуанышты қарым-қатынасты) қалпына келтіруге қатысты.

Біздің барлық күнәларымыз: яғни бұрынғы, қазіргі және болашақтағы күнәларымыз кешірілді дегенімізде біз

күнәлардың соттағы кешірілуін түсінеміз. Бұл Мәсіх Исаба сенетін адамға күнәларының жазасы кешірілу үшін ешқашан төлем төлеуге тиіс болмайтынын білдіреді. Мұның себебі Мәсіхтің Ғолғатадағы айқыш ағашта күнәкарларға арналған жазаны өз мойнына алып өтеуі. Ол солар үшін өлді, яғни біздің бұрын жасаған және болашақта жасайтын, барлық күнәларымыз үшін өлді. Құтқарушымызды сеніммен қабылдаған сәтте біздің күнәларымыз толықтай кешіріліп, солар үшін жазадан құтыламыз.

Ал сенуші күнә жасағанда не болады? Күнә Құдай мен сенушінің арасындағы қарым-қатынасты бұзып, оны үзеді. Енді Әке мен Оның жер бетіндегі рухани баласының арасында бұрынғыдай қуанышты, жақын қарым-қатынас жоқ. Сенуші өзінің күнәсін ашық мойындап, Құдайдан кешірім сұрап, күнәсінен арылғанға дейін жағдайдың мұндай қалпы сол күйінде қала береді. Киелі кітап бізге егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады дейді (Жох1 1:9). Бұл жерде сөз әкелік, ата-аналық кешірім жайлы болып отыр. Ол қылмыскерді кешіретін Сот емес, Өзінің баласына кешірім беретін Әке.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ТӨРТІНШІ ТАРАУ – КҮНӘ

1. Неліктен Киелі кітапта барлық адамдар күнә жасаған дейді? Біз неліктен Құдайдың күнәнің бар екендігі жайлы түсіндірмесін қабылдай алмаймыз?
2. Әзәзіл шайтан, Адам ата мен Хауа ана осы үшеуіне ортақ не бар? Соған өзіңіздің түсіндірмеңізді беріңіз.

3. Біреу осы әлемде дүниеге келген барлық бала жаратылған кезіндегі Адам іспетті бейкүнә болады, Адамға ұқсап Құдайды тыңдамай қойған кезге дейін олар күнәкарларға айналмайды дейді дедік. Осы пікір дұрыс па? Ол Киелі кітапқа сай келе ме?

4. Адамның күнәлары үшін Мәсіх қандай төлем төледі? Неліктен Ол мұны істей алды?

5. Құдаймен қарым-қатынасы бұзылған Исаға сенуші адам қандай сезімді басынан кешеді? Осындай жағдайда 31-ші Забур жыры немесе Жох1 1:9 аяты қалайша көмектесе алады?

БЕСІНШІ ТАРАУ

МӘСІХ

Бұл сабақ Иеміз Мәсіх Исаға арналған. Ол Киелі кітаптың орталық тұлғасы болып табылады. Біз Оның құдайлық болмысы, Оның адам кейпіне енгені және Оның іс-әрекеттерімен қызметі жайлы білетін боламыз.

МӘСІХТІҢ ҚҰДАЙЛЫҚ БОЛМЫСЫ

«Мәсіхтің құдайлық болмысы» деген ұғымның өзі Мәсіхтің Құдай екенін білдіреді. Киелі кітап Мәсіх Исаның Құдай екендігі жайлы айқын тәлім береді:

1. Мәсіх туралы айтылғанда Құдайға қатысты айтылған сөздер қолданылады.

а) *Ол мәңгілік.* Мәсіхтің бастамасы жоқ. Ол мәңгі бар болған. (Жох 17:5; 8:58).

- ә) *Ол барлық жерде бар.* Ол өзіне қызмет еткендермен барлық жерде бар болады (Мат 28:20).
- б) *Ол құдіретті.* Ол барлық билік пен құдіретке ие (Мат 28:18; Аян 1:8).
- в) *Ол бәрін біледі.* Мәсіх бәрін біледі (Жох 21:17).
- г) *Ол өзгермейді.* Ол кеше де, бүгін де және мәңгілік өзгеріссіз қала береді (Евр 13:8).

2. Құдай істегеннің бәрін Мәсіх те істейді.

- а) Ол бәрін жаратқан (Жох 1:3).
- ә) Ол бүкіл әлемді аман сақтайды (Қол 1:17).
- б) Ол өлімнен тірілді (Жох 2:19, 22).

3. Құдайдың атақтары Мәсіхке де беріледі. Оны Құдай деп атайды.

- а) Құдай - Әке Өзінің рухани Ұлы жайлы Оны Құдай ретінде ашық айтты (Евр 1:8).
- ә) Адамдар Мәсіхті Құдай деп атады және Ол адамдардың Өзіне табынуына тыйым салмады (Жох 20:28).
- б) Жындар Оны Құдай деп мойындады (Мар 1:24).
- в) Мәсіх Өзін Құдаймын деп мәлімдеді (Жох 10:30).

МӘСІХТІҢ АДАМ КЕЙПІНЕ ЕНУІ

Мәсіхтің адам кейпіне енуі, Оның Құдай бола тұра жер бетіне адам кейпінде келгенін білдіреді.

1. Мәсіхтің жер бетіне келуі Көне Келісімде алдын ала айтылған. Ол жер бетіне келместен көптеген жылдар бұрын Киелі кітап Мәсіхтің келуі жайлы жариялайды (Иш 7:14).

2. Иеміз Мәсіх Исаның туғаны жайлы жазба деректер бар. Оның дүниеге келуі басқалардікінен өзгеше.

- а) Ол Киелі Рухтың құдіретімен Мәриямның бойына бала болып бітті (Лұқ 1:35).
- ә) Ол пәк қыздан туды (Мат 1:23). Оның адами әкесі болған жоқ.
- в) Алайда Ол шынайы адам болды және Оның тәні (Евр 10:5), жаны (Мат 26:38) және рухы (Лұқ 23:46) болды.

3. Мәсіхтің жер бетіне адам кейпінде келуінің үш себебі бар:

- а) Ол бізге Құдай - Әкені көрсету үшін келді. (Жох 14:9).
- ә) Ол біздің орнымызға құрбан болып, күнәні біржола құрту үшін келді (Евр 9:26).
- б) Ол шайтанның істерін талқандап жою үшін келді (Жох1 3:8).

АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Исаның жолымен жүретіндер сенетін ең басты ақиқаттың бірі Мәсіх Исаның шынайы Құдай екендігінде. Ол пәк қыз арқылы кереметпен осы дүниеге келді. Адам ретінде ол еш күнә жасамаған (кемелді) мүлтіксіз болды.

ОНЫҢ ІСІ

Мұнда біз Иеміз Мәсіх Иса құрбандық өлімі, қайта тірілуі және көкке көтеріліп кетуіне байланысты оқиғалармен танысамыз.

1. Мәсіхтің өлімі.

- а) Мәсіх өлуге тиіс болды (Жох 3:14). Бұл Құдайдың құтқару жоспарының бір бөлігі болды (Евр 10:7). Оның өлімі Көне Келісімдегі алдын ала айтылғандардың іске асуы болды (Иш 53:5). Оның өлімі біздің құтқарылуымыздың қажетті шарты еді

(Еф 1:7).

ә) Мәсіх біздің орнымызды басып, адамдар үшін жанын қиды (Қор1 15:3).

б) Мәсіхтің құрбандық өлімі Құдайдың талабын толықтай қанағаттандырды. Мәсіх Құдайдың күнә үшін төгетін жазасын толықтай басынан өткізді. Оның өлімі біздің барлық мұқтаждарымызды толық өтеді, өйткені бұл құдайлық Тұлғаның өлімі болды. Сондықтан да бұл өлімнің құндылығы шексіз.

2. Мәсіхтің өлімнен қайта тірілуі

а) Мәсіх өлімнен қайта тірілуге тиіс болды. Оның қайта тірілуі пайғамбарлық сөздің жүзеге асуы болды: Ол Мәсіхтің біз үшін айқыш ағашта істеген ісін аяқтайды (Рим 4:25). Осы өлімнен қайта тірілу Мәсіхтің көкте Құдайдың алдында біздің арада жүрушіміз болуына жол берді.

ә) Мәсіхтің қайта тірілген денесі, рухани дене емес, шынайы тәндік дене болды (Лұқ 24:39). Ол айқышқа керіліп шегеленген, шегелер мен найзадан түскен жаралардың орны бар тәндік дене еді (Жох 20:27). Алайда сол дене біздікінен айрықша, өзге дене де еді. Ол Мәсіхке адамдар істей алмайтынды істеуге мүмкіндік берді. Мысалы, қабырға арқылы өтіп кету (Жох 20:19).

б) Мәсіх қайта тірілгеннен кейін Өзінің ізбасарларының бірқатарына кем дегенде он реттен көрінді. Сенуге тұрарлық бес жүзден астам адам Оны өлімнен қайта тірілгеннен кейін көрген (Қор1 15:6).

в) Мәсіхтің қайта тірілуінің маңыздылығы өте зор. Егер Ол қайта тірілмегенде, Оған деген сенім де болмас еді (Қор1 15:17).

3. Мәсіхтің көкке көтерілуі

- а) Өзінің жер бетіндегі ісін аяқтағаннан кейін, Мәсіх көкке көтеріліп кетті (Мар 16:19; Елш 1:9).
- ә) Ұлылыққа кенелу үшін Мәсіх көкке көтеріліп кетті (Жох 17:5) және Ол Өзінің қызметін жалғастыруда (Евр 7:25).

МӘСІХТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Киелі кітап Мәсіхті Пайғамбар, Діни қызметкер және Патша ретінде көрсетеді.

1. *Пайғамбар ретінде* Мәсіх бізге Құдайдың сөздерін жеткізіп, бізге Құдайды ашып білдіреді (Жох 1:18).
2. *Діни қызметкер ретінде* Мәсіх Құдайдың алдында тұрып, сенушілер үшін өтініш жасайды (Евр 4:14-16).
3. *Патша ретінде* Мәсіх Өзіне сенімін артқандардың жүректерінде өмір сүреді. Ол болашақта жер бетінде мыңжылдық патшалық құратын болады. 71-ші Забур жыры Оның әлемді қалай басқаратынын суреттейді.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

БЕСІНШІ ТАРАУ - МӘСІХ

1. Киелі кітап Мәсіхті Құдай ретінде қандай жолмен суреттейді?
2. Мәсіх Иса адам кейпінде осы дүниеге қалай келді? Ол қандай жағымен адам іспетті? Адамдардан қалайша айрықшаланады?
3. Басқа діндер Құдайға апаратын өз жолдарын ашады

деп есептейтін адамдарға Мәсіх қалай жауап берген болар еді? Сіздің жауабыңыз Жох 14:6 аяттағы Мәсіхтің айтқандарымен қалайша байланысқан?

4. Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгендігінің маңыздылығы неде?

5. Евр 4:14-16 аяттар бойынша Мәсіх біздің Бас діни қызметкеріміз ретінде Құдайдың алдында тұрады. Мәсіхтің осы ісі бүгінгі күні сіздің өміріңізде қандай рөл атқарады?

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ

Жохан 3:1-21 аяттарды оқып шығыңыз.

КІРІСПЕ

Сіз Жохан жазған Ізгі хабардың үшінші тарауынан Исаның Никөдем есімді қатты діншіл әрі ізгі жанмен әңгімелескені туралы оқыдыңыз. Иса Никөдемге егер Құдайдың Патшалығын көргісі келсе, оған қайтадан туылудың өте қажет екенін айтты (3-5 аяттар). Біздің әрбіреуіміз үшін де бұл аса қажет шарт (7-аят).

ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ НЕМЕСЕ РУХАНИ ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ ДЕГЕН НЕ?

Көптеген адамдар қайтадан туылу жайлы ештеңе білмейді, ал басқаларының бұл туралы түсініктері бұрмаланған. Жох 1:12,13 қараңыз.

1. Рухани қайтадан туылу табиғи жолмен туылудан мүлдем өзгеше. Ол пенденің қалауы бойынша туылу емес. Сіздің ата-анаңыз Исаға сенушілер болуы мүмкін, алайда бұл жайт сіздің өзіңізді де сенушілер қатарына қоя алмайды.

2. Рухани қайтадан туылу адамның өз еркімен болмайды. Оның «адамның жеке басының ниетімен» еш қатысы жоқ. Сәби өз еркіне сай осы дүниеге келе алмайды, яғни өздігінен туыла алмайды. Дәл осы сияқты, біз де өз еркіміз бойынша рухани қайтадан туыла алмаймыз.

3. Рухани қайтадан туылу адамның іс-әрекетінен де туындалмайды. Ол «адамның қалауынан» болмайды. Ешқандай адам баласы, оның сенушілер қауымындағы жоғарғы дәрежесіне қарамастан, басқа адамға рухани қайтадан туылуды сыйлай алмайды. Ешқандай діни рәсімдер де сізге рухани қайтадан туылуды бере алмайды.

4. Рухани қайтадан туылудың тәндік өзгерумен де еш байланысы жоқ. Никөдем мұны түсіне алмады, алайда Мәсіх оған қайтадан туылудың рухани өзгеру екенін ұқтырды (Жох 3:4-6).

5. Рухани қайтадан туылу әлеуметтік немесе географиялық өзгеріс те емес. Адам рухани қайтадан туылғанда, Құдай оны бірден көкке, жұмаққа алып кетпейді, Ол жер бетіндегі өмірін жалғастыра береді.

Енді ол өзінің Иесіне және Құтқарушысына ұнамды істер істеп өмір сүреді (Қор1 7:20-24; Қол 3:22-24).

6. *Рухани қайтадан туылу: бұл сол туралы жай түсінікке ие болу ғана емес.* Адам рухани қайтадан туылмай-ақ діни білім алып, тіпті уағыздаушы да бола алады. Біз қайтадан туылудың қажеттілігі туралы біліп, алайда соны өз өмірімізде бастан кеше алмауымыз да мүмкін.

7. *Рухани қайтадан туылу: бұл өсу, өзгеру үрдісі емес.* Біз біртіндеп өсу үрдісі барысында өз бойымызда рухани өмірді дамытпаймыз. Күнәкарлар рухани жағынан өлгендер (Еф 2:2). Егер өмір жоқ болса, онда ол дами да алмайды.

8. *Рухани қайтадан туылу: бұл өзін-өзі жетілдіру емес.* Бұл бойымыздағы ұнамсыз қылықтардан айырылу ғана емес, сондай-ақ өмір сүру қалпыңызды өзгерту де емес. Қайтадан туылу - біздің ішкі дүниемізде болатын өзгеріс.

9. *Рухани қайтадан туылу: бұл діни сенім емес.* Біз өзіміздің діни көзқарастарымыз бен ой-пікірлерімізде шынайы бола аламыз, суға шомылу рәсімінен өтеміз, сенушілер қауымының мүшесі болып, нан ұзу рәсіміне қатысамыз. Рухани қайтадан туылмай-ақ жексенбілік мектепте сабақ беріп, қауымда қызмет атқарып, тіпті Мәсіхтің уағыздаушысы да бола аламыз. Иса сол замандағы аса діндар, шынайы да ізгі жандардың біреуімен әңгімелесті. Ол тіпті сол адамның өзіне де рухани қайтадан туылуының қажет екенін айтты.

10. *Рухани қайтадан туылу: бұл рухани өзгеріс (6-8 аяттар).* Сіздің өміріңіздегі осы өзгерісті тек Құдай ғана жасай алады (Жох 1:13).

АДАМҒА РУХАНИ ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ?

Иса: Менің «қайтадан туылуға тиіссіндер» дегеніме таңданба! - дейді (Жох 3:7). Бізге қайтадан туылудың қажеттігіне таңданбауға тиіспіз. Бұл талап қисынды әрі негізі бар.

1. Бізге рухани қайтадан туылу қажет, өйткені онсыз біздің рухани негізіміз болмайды (6 аят).

«Тән» деген сөз біздің туылған кезде қабылдайтын күнәкар болмысымызды білдіреді. Адам күнә жасағанда, оның болмысы күнәкар болмысқа айналды. Біздің әрбіреуіміз осы дүниеге келгенде сол күнәкар болмысты қабылдаймыз. Мына аяттарды қараңыз: Рим 5:12,18,19; Заб 50:7.

Рим 8:5-8 аяттар «тән» деп аталатын осы ескі күнәкар болмысты суреттейді. Ол Құдайға қас, Құдайдың заңына бағынбайды, бағына алмайды да, сондықтан ол Құдайға ұнай алмайды. Табиғатымызға, яғни ескі болмысымызға сай біз Құдайдың беретіндерін ұғынып әрі бағалай алмаймыз, тіпті соған құмар да емеспіз. Қор1 2:14 қараңыз. Біз өз «тәнімізді» шынықтырып, жетілдіре аламыз, тіпті оны діндар да ете аламыз. Алайда оның ішкі табиғатын, өзегін өзгертуге біздің күшіміз жетпейді, ол қолымыздан келмейді. Ескі болмыс Құдайға қарсы шығуын доғармайды және Құдайға еш ұнай да алмайды. «Тәннен тән туады». Қайтадан туылу бізге жаңа рухани болмыс береді. Осы жаңа болмысқа ие болғаннан кейін ғана, біз Құдайдан келгенді ұғынып, одан қуаныш пен жұбаныш табамыз.

2. Бізге рухани қайтадан туылу қажет. Рухани қайтадан туылмасақ, біз Құдай Патшалығын көре де алмаймыз, Оған кіре де алмаймыз (Жох 3:3-5).

«Құдай Патшалығы» деген не? Бұл ұғым рухани абыржу ретінде суреттелген. Біз Рим 14:17 аяттан мынаны оқимыз: «Құдай Патшалығы ішіп-жеуде емес, Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде».

Екі патшалықты атап өту қажет. Біреуі «осы дүниелік патшалық» деп аталса, басқасы «Құдай Патшалығы» деп аталады. Бұлардың біріншісі адами «тәндік» деп аталса, басқасы «рух». Тәндік туылуымыз арқылы біз осы дүниелік патшалыққа кіреміз. Тәндік болмысты қабылдау бізді өзіміз өмір сүретін тәндік патшалықтың бір бөлігі етеді. Алайда біз қалайша Құдай Патшалығының құндылығын көріп, Оған кіре аламыз? Оған берілер жауап барынша айқын. Бізге қайтадан туылу, рухани қайтадан туылу қажет. Сонда бұл бізді жаңа патшалыққа алып келеді. Қайтадан туылу арқылы біз рухани болмысқа ие боламыз. Осы жаңа болмыс бізге Құдай Патшалығының рухани шындықтарын бағалап, оның рақатына кенелу қабілетін береді.

Мүмкін сіз Киелі кітаптан «қайтадан туылу» сөзіне берілген сілтемені көрген де шығарсыз. Бұл бізге қайтадан туылудың қайдан келетінін білдіреді. Тәндік туылу адамнан және жерден. Ал рухани туылу көктен, Құдайдан келеді. Рим 8:9 оқыңыз. Құдай сол адамдардың тәннің жетелеуімен емес, Құдайдың Рухының жетелеуімен өмір сүретінін көреді. Олар бір патшалықтан екіншісіне қалай өтті? Олар Мәсіхті Құтқарушым деп қабылдаған кезде Киелі Рух соны жүзеге асырды.

3. Бізге рухани қайтадан туылу қажет, өйткені онсыз

біз рухани өмірге ие бола алмаймыз.

Табиғатымызға сай біз «қылмыстарымыз бен күнәларымызға бола рухани өліміз», әрі «Құдай беретін шынайы өмірден құр қалғанбыз». (Еф 2:1,2; Жох1 5:11,12) аяттарды оқыңыз. Шынайы өмірге ие болмаған дене, өлі дене. Рухани өмірге ие болмаған адам - рухани өлі адам. Өлім ажырауды білдіреді. Егер біз Мәсіхтен ажыраған болсақ, онда рухани өліміз. Өйткені мәңгілік өмір Құдайдың рухани Ұлы Мәсіхте. (Жох 1:4). Егер біз рухани өлі болсақ, қалайша рухани өмірге ие бола аламыз? Бұл сұраққа Мәсіхтің Өзі жауап береді. Жох 5:24,25 аяттарды оқыңыз. Егер біз Құдайдың рухани Ұлының айтқандарын тыңдап, сөздерін қабылдасақ әрі Оған Құтқарушымыз деп сенім артсақ, онда рухани өмірге ие боламыз. Рухани қайтадан туыламыз. Жох 3:16; 6:47; 10:26-28; Жох1 5:13 аяттарды да қараңыз.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

АЛТЫНШЫ ТАРАУҚАЙТАДАН ТУЫЛУ

1. «Рухани қайтадан туылу» ұғымы барлық жерде кеңінен мойындалған. Киелі кітапқа сүйене отырып, сіз қайтадан туылудың қандай нәрселерге қатысты немесе қатыссыз екенін түсіндіре аласыз ба? «Рухани қайтадан туылу» термині қалайша теріс ұғынылып, теріс қолданылады?
2. Рухани қайтадан туылуға ұмтылған адамның өмірінен нені көруге болады?
3. Қайтадан туылмайынша Құдайдың білдіретіндерін ұғыну неліктен мүмкін емес? (Рим 8:5,6.)
4. «Осы дүниелік патшалық» пен «Құдай Патшалығының»

арасында айырмашылық қандай?

5. Тәндік өлім мен рухани өлімнің арасындағы айырмашылық қандай?

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ (жалғасы)

БІЗ РУХАНИ ҚАЙТАДАН ҚАЛАЙ ТУЫЛА АЛМЫЗ?

Мәсіх бізге рухани қайтадан қалай туыла алатынымызды көрсетті. Осы қайтадан туылу үш аспектіден тұрады:

1. Құдайдың Сөзіне сенімімізді артқанда біз рухани қайтадан туыламыз (Жох 3:5). Киелі кітапта су Құдайдың сөзінің кеңінен танымал белгісі болып табылады (Еф 5:26; Жох 15:3; Заб 118:9). Мұнда «су» сөзі суға шомылу рәсіміне қатысты емес, Құдайдың сөзіне қатысты қолданылған. Киелі кітаптың өзге де аяттарынан біз қайта туылудың Құдайдың сөзінен келетінін анық көреміз (Пет1 1:23-25; Жақ 1:18). Құдайдың сөзін оқығанда ол біздің санамызды Құдай туралы, құтқарылу туралы бұрмаланған ойларымыз бен қате түсініктерімізден тазартады. Киелі кітап бізге өзіміздің өлі жағдайымызды (Рим 3:10-19), Құдайдың бізді сүйетіндігін және біз үшін Өзінің құтқарылуын дайындап қойғанын (Жох 3:16) ұғынуға көмектеседі. Ол бізге құтқарылуға қол жеткізетін жолды нұсқайды (Рим 10:1-17).

2. Рухани қайтадан туылуды біз өз бойымызда өмір сүретін Құдайдың Киелі Рухынан аламыз (Жох 3:5).

Мәсіх көкке көтеріліп кеткеннен кейін бізге киелі үшбірліктің үшінші тұлғасы Киелі Рухты жіберді. Киелі Рух адамдардың күнәларын әшкерелеп, оларды Мәсіхке сенім артуға үйретеді. Сенуші рухани сұрақтарды түсіне алу үшін Киелі Рух олардың әрбіреуіне жаңа құдайлық болмысты береді. Ол рухани қайтадан туылғандарға шындықты ашып көрсетіп, бағыт береді (Жох 16:7-15; Пет2 1:3-4; Ғал 5:22-26).

Құдайдың Сөзін оқығанда Киелі Рух жүректерімізді шындыққа ашып, бізді әшкерелейді. Ол бізге күнәкарлар ретінде біздің рухани өлген, айыпты, үміті жоқ әлсіз адамдар екенімізді көрсетеді. Содан кейін ол Киелі кітаптан бір ақиқатты ашып білдіреді. Сол ақиқат бізді Құдаймен татуластыру үшін құрбан болған Мәсіхке деген сенім арқылы құтқарыла алатындығымыз. Өзімізді Мәсіхке сеніп тапсырған сәтте Киелі Рух біздің жүрегімізге еніп, орнығады. Оның жүрегімізде болуы біздің Мәсіхтің меншігі екенімізді белгілейді (Еф 1:13; 4:30).

Оның біздің сезімдерімізге еш қатынасы жоқ. Қайтадан туылу Мәсіхке сенімін артқандардың Оған сенетіндігінің фактісі.

3. Біз Мәсіхке деген сеніміміз арқылы рухани қайтадан туыламыз. Өйткені Мәсіх біз үшін Өзін құрбан етіп, біздің орнымызды басты. Жох 3:14-16 оқыңыз. Күнәкарлардың осы жаңа өмірді қалай ала алатынын Мәсіх бізге айқын көрсетті. Никөдем: Бұл қалай болады? деп сұрағанда Мәсіх қайтадан туылудың қалай болатынын көрсету үшін Көне Келісімде жазылған сөздерді қолданды. Енді Ру 21:4-9 оқыңыз. Мұндағы маңызды жеті бөлікке тоқтала кетейік. Оған айрықша көңіл бөліңіз. Өйткені бұл күнәкардың қалайша рухани қайтадан туыла алатыны

жайлы *Мәсіхтің Өзінің жеке түсіндірмесі.*

а) *Күнә* (Ру 21:5). Исраил халқы іспетті біздің бәріміз де ойларымыз, сөздеріміз және іс-әрекеттерімізбен Құдайға қарсы күнә жасадық (Рим 3:23).

ә) *Сот* (Ру 21:6). Біздің бәрімізде күнәларымызға бола Құдайдың жазасына лайықтымыз. Күнә атаулыны күйретіп, Құдай Өзінің қаһарын білдіреді (Рим 1:18; 6:23).

б) *Теріс жолдан қайтып Құдайға бет бұру* (Ру 21:7). Исраил халқы өзінің күнәсін мойындады. Күнәсіне өкініп тәубеге келіп, Құдайдан кешірім сұрап мінажат етті. Халық Құдайдан безгендеріне өкінді. Бұл адамның ойлауына өзгеріс енгізеді. Құдай күнәкарлардан теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, тәубеге келуді талап етеді (Лұк 13:3; Елш 17:30, 31; 20:21; Мар 1:15).

в) *Құдайдың аян беруі* (Ру 21:8). Жаратқан Ие былай деді: Құдай Мұсаға жылан шаққандардың өмірін құтқару жолын көрсетті. Құдай Киелі кітапта Өзінің құтқару жоспарын бізге ашып білдірді (Тім2 3:15-17; Рим 10:8,9).

г) *Қамқорлық* (Ру 21:8,9). Мұса мыстан жыланның мүсінін құйып жасап, оны бағанға бекітіп, әрбір адамның көре алуы үшін жоғары көтеріп қойды. Жох 3:14 салыстырыңыз. Мұсаның мыс жыланды жоғары көтеріп қойғаны сияқты, Иса да күнәларына бола өлуге бара жатқан адамдардың сеніммен құтқарылуға ие болып, Өзіне қарай алулары үшін айқыш ағашқа шегеленіп, жоғары көтеріліп қойылды. Біздің орнымызды басып Мәсіх айқыш

ағашта біздің барлық күнәларымызды көтеріп тұрды. Күнәларымызға бола бізге тиесілі Құдайдың сотының азабын Ол тартты. Күнәкарлар ретінде бізге қатысты Құдайдың барлық талаптарын қанағаттандырып, Өзін құрбан етті. Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуімен Құдай Мәсіхтің біз үшін жасаған құрбандығын қабылдағанын көрсетті (Иш 13:5,6; Қор1 15:1-4; Рим 5:7,8).

ғ) *Шарт* (Ру 21:8). «Соған қараса». Қоныстың үстіңгі жағынан мыс жылан жоғары көтеріліп қойылғанмен, ол халықты өлімнен құтқармады. Жылан шаққан әрбір адам тірі қалуы үшін оған қарауға тиіс болды.

Біздің құтқарылуымызға қажетті бүкіл істі орындап, Мәсіх күнәларымыз үшін жанын пида етті. Алайда бұл өздігінен бірде-бір күнәкарды құтқара алмайды. Сол үшін күнәкардың өзі Мәсікке жеке Құтқарушысы ретінде сенімін артуға тиіс. «Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жох 3:16) дегенде Құтқарушымыз дәл осыны меңзеген болатын. Жылан шаққан адамдар құтқарылып, өмірлерін аман сақтап қалулары үшін Мұса оларға мінажат етіңдер, ақша төлеңдер немесе игі істер істеңдер, деп айтқан жоқ. Күнәкарға тек бір нәрсені ғана істеу қажет: ол — назарын жоғары көтеріп, өмір сүру, яғни мұқтажын көріп, өзі үшін жанын қиған Мәсікке біржола және толықтай сенім арту. Ол Мәсіхті өзінің жеке Құтқарушысы ретінде сеніммен қабылдай алады (Жох 1:12; Елш 13:38,39; Еф 2:8,9).

д) *Нәтиже* (Ру 21:9). «Тірі қалып отырды». Жылан шаққан адамның өлетініне күмән жоқ. Алайда

мыс жыланға қараған кезде ол тірі қалды. Ол жаңа өмірді қабылдап, қайтадан туылғандай болды. Дәл осылай рухани өлі күнәкар да Мәсіхті жүрегіне Құтқарушым деп қабылдап, рухани қайтадан туылып, мәңгілік өмірге ие болғанда, Мәсіхтің мұның күнәсі үшін құрбан болғаны жайлы Ізгі хабарға сене алады. Киелі Рух мұның жүрегінен орын алып, оның жаңа болмысына бағыт-бағдар беретін болады. Осылай, ол рухани қайтадан туылады.

Мәсіх айтқан қайтадан туылу, міне, осы. Ол Құдайдың Патшалығын көріп, оған енудің қажетті шарты болып табылады.

БІЗ ҚАЙ КЕЗДЕ РУХАНИ ҚАЙТАДАН ТУЫЛА АЛАМЫЗ?

Біз қай кезде болмасын рухани қайтадан туыла аламыз. Айыпты күнәкар өзінің Құтқарушысы ретінде Мәсіхке сенімін артып, жан дүниесінің жанарын Оған бағыттаған сәтте рухани қайтадан туылады. Неге сізге соны қазір өзіңіз тұрған жерде істемеске? Өз күшіңізбен құтқарылуға тырысуыңызды доғарыңыз. Құдайдың рухани Ұлына сеніміңізді артыңыз. Өйткені Ол айқышта өмірін құрбан етіп, сіздің орныңызда құтқарылу ісін толықтай жүзеге асырды. Қор2 6:1,2; Евр 4:7 қараңыз.

«Уа, күнәкар, кел Мәсіхке,
Сеніміңді арт Оған.
Құрбан болды Ол азап шегіп
Құтқарылу жолын ашып Саған
Кенелтіп салтанатқа жүрегіңді
Киелі Рух енеді сенің бойына
Рухани туыласың қайтадан сен сонда!»

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ЖЕТІНШІ ТАРАУ ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ

1. Рухани қайтадан туылуда Құдайдың Сөзінің рөлі қандай?
2. Иса былай деді: «... кімде-кім судан және Киелі Рухтан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды». Осы үзіндідегі «су» сөзінің мағынасы қандай (Жох 3:5)? Ол суға шомылу рәсімін білдіре ме?
3. Рухани қайтадан туылған балалардың Иса Мәсіхпен қарым-қатынастарында Киелі Рухтың рөлі қандай? Біз Құдайдың өзімізге білдіретіндерін Киелі Рухтың көмегінсіз түсіне аламыз ба?
4. Құтқарылғаныңызды сезетініңіз бен соны білетініңіздің арасында айырмашылық бар ма?
5. Қайтадан туылғаныңызды өзіңіз жеке сезіндіңіз бе? Мәсіхке сеніміңізді артқан кездегі сезімдеріңізді топта айтып берсеңіз екен.

ҚҰТҚАРЫЛУ

Құтқарылу тақырыбы рухани қайтадан туылу мәселесімен біте қайнасқан. Қайтадан туылу адамның рухани өмірінің шығу көзі мен оның табиғаты туралы айтады. Барлық адам да рухани өмірге мұқтаж. Құтқарылу Құдайдың бізге Мәсіх арқылы дайындағанының өрісін және біздің құтқарылуымыздың салдарларынан тұрады.

Енді құтқарылуға қатысты жеті мәселені қарастырайық.

ҚҰТҚАРЫЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

«Құтқарылу» сөзі бір нәрседен құтылуды білдіреді. Ол әдетте адам қауіптен құтылғанда қолданылады. Біз суға батып кетуден, өртеніп жатқан ғимараттан, не кемеден аман қалғанда құтқарылу туралы айтамыз. Әрбір жекелеген жағдайда үш жайтты ажыратқан жөн:

1. Құтқарылуға мұқтаж адамның өміріне қауіп төніп тұруы.
2. Адамның өміріне қауіп төніп тұрғанын көрген кісінің саған көмекке келуі.
3. Адамның ізгі ұмтылысы табыспен аяқталып, ол өміріне қауіп төнген кісіні аман алып қалады. Яғни ол оны құтқарады.

Киелі кітапта «құтқару», «құтқарылған», «Құтқарушы» және «құтқарылу» сөздері көп рет қолданылған. Рухани мағынада қолданылғанда бұл сөздер әдеттегі қолданыстағы мағынаны береді.

ҚҰТҚАРЫЛУҒА МҰҚТАЖДЫҚ

Құдайдың құтқаруына біз екі себептен мұқтажбыз:

1. Біз күнәкар болмысқа иеміз. Біз алтыншы тарауда туылған кезіміздегі рухани жағдайымызды қарастырдық. Табиғи туылған кезде біз күнәкар болмысты қабылдап, осылайша тумысымыздан күнәкар боламыз. Осы күнәкар болмыс біздің бойымызда жаман ойлар, жаман сөздер мен жаман іс-әрекеттер туындатып жан дүниемізде Құдайға қарсы қастық тудырады. Киелі кітап бұл туралы ашық айтады. Төмендегі аяттарды оқыңыз. Рим. 5:12; 18, 19; 6:16; 8:5-8; Жар. 6:5; Еф. 2:1-3; Қор2 4:3,4; Иш. 53:6; Ерм. 17:9; Мар. 7:20-23; Рим. 1:21-32; 3:19-23.

Бұл аяттар біздің тумысымыздан, бейімділігіміз бен іс-әрекеттерімізден күнәкар екенімізді, әрі құтқарылуға мұқтаж екенімізді айқын көрсетеді. Біз адасып кеттік, енді құтқарылуға мұқтажбыз: бізге соттың жазасы төніп тұр, содан аман қалуға, құтқарылуға мұқтажбыз. Біз айыптымыз, бізге кешірім қажет, рухани өліміз, мәңгілік өмірге мұқтажбыз. Рухани көзіміз соқыр, рухани көзіміздің ашылуына мұқтажбыз, құлдармыз бізге азаттық қажет. Біз мүлдем әлсіз бейшаралармыз, өзімізді құтқару қолымыздан келмейді.

2. Құдай әділ. Құдай киелі, Ол күнәні жазалап құртады. Ол күнәкарларды жазалаусыз қалдырмайды (Мыс. 34:6,7). Ол Өзінің күнәні жек көретінін бізге көрсетті, күнә жасайтындардың бәрін Оның Соты күтіп тұр. Бұл жазаның берері адамның Құдайдан мәңгілік ажырауы. Мына аяттарды қараңыз: Жох. 8:21,24; Мар. 9:43-48; Лұқ. 16:22-31; Аян 20:11-15. Құдай әділ. Біз күнәкарлар болғандықтан бізге күнәларымыз үшін берілетін жазадан құтқарылып, одан құтылуымыз қажет.

Бұл үшін біз Құдайға мінажат етіп: «Құтқарылуым үшін мен не істеуім керек?» деп сұрауға тиіспіз (Елш. 16:30-31).

ҚҰТҚАРЫЛУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Алайда Құдайдың Ізгі хабары бар. Ешкім құтқарылуға лайықты болмаса да Құдай бізге Өзінің керемет рақымын паш етіп, құтқарылуды ұсынады. Осы құтқарылу бізге Оның рухани Ұлы Мәсіх Иса арқылы келеді, өйткені Ол біз үшін жанын қиып құрбан болды. Киелі кітап екі ақиқат шындықты айқын үйретеді.

1. Мәсіх осы дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді (Мат. 1:21). Құдайдың рухани Ұлы мәңгілік және Оның дәрежесі Әкесімен және Киелі Рухпен бірдей. Ол бізге құтқарылуды сыйлау үшін адамға айналды (Жох. 3:16,17; Мар. 10:45; Мат. 9:12,13; Жох. 10:11, 15-18).

2. Мәсіх осы құтқарылуды Өзінің өлімі және өлімнен қайта тірілуі арқылы дайындады. Мәсіх өз еркімен айқышта өлді, біздің орнымызды басып, күнәларымыз үшін азап шекті. Ол біздің күнәларымызды Өзінің мойнына алды. Құдайдың сотының бүкіл ауыртпалығы Мәсіхтің басына түсті. Біз үшін өз жанын құрбан етіп күнәкарларға құйылатын Құдайдың әділ қаһарын толықтай қанағаттандырды. Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, Өзінің оң жағындағы құрметті орынға отырғызуы арқылы Құдай Оның құрбандығын қабылдағанын көрсетті (Қор1 15:1-4; Қор2 5:21; Пет1 2:24; Иш. 53:5; Рим. 5:6-9; Елш. 4:10-12; 5:31; 17:31).

ҚҰТҚАРЫЛУДЫ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛАДЫ?

Сіздің құтқарылуыңызға *қажеттілердің бәрін* Мәсіх орындады. Осы құтқарылуға ие болу үшін сізге не істеу қалды?

1. Сізге теріс жолдан қайтып, тәубеге келу қажет. Теріс жолдан қайтып, тәубеге келу - сіздің ойлауыңыздың өзгеруі. Ол сіздің күнәға, өз жеке басыңызға, Құтқарушыға және құтқарылуға деген көзқарасыңыздың өзгеруіне әкеледі. Бұл мінез-құлқыңыздың өзгеруінен көрінеді (Лұқ 13:3; Елш. 17:30; 20:21). Құтқарылу мәселесіне деген немқұрайдылықтың орнына енді сіз оны шынымен де иемденуге құлшынасыз. Менмендік пен өркөкіректің орнына енді сіз кішіпейілділік пен мойынсұнғыштыққа кенелесіз. Өз-өзіңізге қанағаттанушылық сезімінің орнына енді сіз өзіңіздің әлсіздігіңізді, үмітсіздігіңізді ашық мойындап, тозақтағы жазаға лайықты екеніңізді ұғынасыз.

2. Сізге Ізгі хабарға сену қажет. Ізгі хабар - Иеміз Мәсіх Иса жөніндегі, Оның сіз үшін не істегені туралы Құдайдың куәлігі (Жох1 5:9,10). Рухани өлі күнәкар ретінде сіз Мәсіхтің өзіңіз үшін, иә, дәл сіз үшін өлгендігіне сенуге тиіссіз! Мәсіхтің сіздің орныңызды басып, құтқарылуыңызға қажетті бүкіл істі орындап, күнәларымыз үшін құрбан болғанына сенуге тиіссіз (Рим. 4:5).

3. Сізге өз еркіңізбен Иеміз Мәсіх Исаның өзіңіздің жеке Құтқарушыңыз ретінде қабылдау қажет. Сізге Мәсіх Исаның өз өміріңіздің Иесі деп қабылдаған жөн (Жох 1:12; Рим 10:9; Жох 3:16; 5:24; 6:47; Еф 1:13). Бұл өте маңызды қадам. Дәл қазір сіз шын жүректен былай деп

айта аласыз: «Ием Иса, мен өзімнің айыпты, рухани өлі күнәкар екенімді білемін, бірақта Сен менің күнәларымды өз мойныңа алып, мен үшін құрбан болдың. Мен соған сенемін. Өзімнің құтқарылуым үшін ештеңе де істей алмайтыныма, менің құтқарылуыма қажетті бүкіл істі Өзіңнің орындағаныңа сенемін. Мен қазір Сені өзімнің Құтқарушым деп жүрегіме қабылдаймын және Сені өзімнің Ием әрі өмірімнің Иесі деп мойындаймын».

Егер сіз осылай істесеңіз «Иеміз Иса Мәсіхке сенудің» нені білдіретінін білетін боласыз (Елш. 16:31).

ҚҰТҚАРЫЛУҒА ДЕГЕН НЫҚ СЕΝІМГЕ ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Біз өзіміздің құтқарылғандығымызды қалай біле аламыз? Біз мұны біле аламыз, өйткені Құдай оны Киелі кітапта айқын көрсеткен: Құдайдың рухани Ұлына сенімін артқан әрбір адамның күнәлары кешірілді. Ол құтқарылған әрі мәңгілік өмірге ие. Мәсіх арқылы ол мәңгілік қауіпсіз, аман сақталған (Елш. 13:38; Жох1 2:12; Еф 2:8; Қор1 6:11; Жох1 5:13; Рим. 5:1; 8:1; Жох 10:27-30).

ҚҰТҚАРЫЛУДЫҢ ҚАМТУ АУМАҒЫ

Құтқарылу өткен күнге де, бүгінгі күнге де, болашаққа да қатысты.

1. Өткен күнге қатысты. Біз күнәларымыз үшін берілетін жазадан құтқарылдық. Мәсіхтің біздің күнәларымызды біржола жуып, тазартып оның төлемін өтегендігінің арқасында біз сұмдық жазадан құтылдык (Жох 5:24; Рим 8:1).

2. Бүгінгі күнге қатысты. Біз сондай-ақ күнәнің билігінен

және оның бізді бақылап, басқаруынан құтқарылдық. Біз Оған сенімімізді артқан сәттен бастап, біздің жүрегімізге Киелі Рух еніп, бізге құдайлық болмысты дарытады. Сенушілер ретінде біз өзіміздің өмірімізден көрініс тапқан күнәнің билігінен арылғанымызға қуаныш сезімін бастан кешеміз (Қор1 6:19; Пет2 1:3-4; Рим 6:1-14).

Әйткенмен біздің күнә жасауға бейімділігіміз жоқ болып кетпейді. Біз тән деп аталатын күнәкар болмысқа әлі де иеміз. Алайда егер де біз Құдайдың өзімізге берген құралдарын қолданатын болсақ, күнә өмірімізден ең басты орын алып, оған билігін жүргізе алмайтын болады.

Егер күнәнің билігінен азат болғымыз келсек, онда бізге төмендегілерді істеу қажет:

а) Құдайдың Киелі кітабын жүйелі түрде оқуға әрі оны оқып-үйренуге және оған мойынсұнуға тиіспіз (Тім2 2:15; Жақ 1:22).

ә) Әділ де жемісті өмір үшін Құдайға денемізді сеніп тапсырайық (Рим 6:13; 12:1-2).

б) Мінажат етіп Құдаймен әрдайым байланыста болайық (Евр 4:14-16).

в) Өзімізге белгілі білетін әрбір күнәмізді дереу Құдайдың алдында мойындап, кешірім сұрап, Оның көмегімен, енді қайтып қайталамайық (Жох1 1:8, 9; Тит 2:11-15).

3. Болашаққа қатысты. Біз күнәдан азат болатын күн де жетеді. Ол Мәсіх жер бетіне қайтадан келген кезде болады. Сонда Мәсіх бұрын өлген Өзіне сенетіндерді өлімнен қайтадан тірілтеді, әрі әлі де жер бетінде тірі жүрген сенушілерді олардың өлімді көрмеулері үшін қайтадан жаңартып өзгертеді. Бұл біз күтіп жүрген құтқарудың қорытынды бөлігі болып табылады (Евр 9:28; Сал1 4:13-18).

ҚҰТҚАРЫЛҒАНЫМЫЗДЫҢ ІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Құтқарылудан кейін болатын көптеген өзгерістерді атап кетуге болады (Еф 1:3-14).

Енді солардың кейбіреулеріне тоқталайық.

1. Құдаймен арадағы татулық (Рим 5:1). Енді біз Құдайға қас емеспіз.

2. Ұл-қыздары ретінде Құдайдың рухани балаларының қатарына қабылдандық (Еф 1:5; Жох 1:12; Ғал 4:5, 6).

3. Рухани балалары ретінде Құдайдың Өзіне қатты шаттанамыз (Рим 5:10, 11; 8:14-17; Ғал 3:26-4:7).

4. Құдайға бағышталған өмір (Қор2 5:14, 15; Ғал 2:20; Пет1 4:2-5).

5. Игі істеріміз және өзге адамдарға куәлік айту арқылы Құдайға қызмет ету (Еф 2:10; Мат 5:16; Мар 16:15).

6. Құдайға табыну, Оны мадақтау әрі Оған мінажат ету (Жох 4:23, 24; Евр 10:18-22; 13:15; 4:14-16).

7. Көктегі Құдайдың мекеніндегі мәңгілік үй (Жох 14:1-3; Аян 22:1-5). Құдайдың Сөзінің беделінің негізінде мәңгілік құтқарылғаныңызға сенімді болғанға дейін өзіңізге тыным бермеңіз.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ ҚҰТҚАРЫЛУ

1. Адам неліктен құтқарылуға мұқтаж? Сіз адамдардың басым бөлігі өздерінің күнәкар жағдайларын ұғады деп есептейсіз бе?
2. Мәсіх Өзінің құрбандық өлімі мен өлімнен қайта тірілуі арқылы күнәкарларды қалай құтқарды?
3. Киелі кітап бойынша теріс жолдан қайтып, тәубеге келу нені қамтиды?
4. Мәңгілік өмірге деген нық сенім не? Адам осы нық сенімге қалай қол жеткізе алады?
5. Өзіңіздің Құдаймен тату қарым-қатынаста болатыныңыз, Оның рухани балаларының қатарына енетініңіз әрі көктегі Құдай Патшалығынан мәңгілік орын алуыңыздың мүмкіндігі жайлы ой сізді қуанта ма? Бұл туралы білетініңіз сіздің бүгінгі күнгі өміріңізге қалай әсер етеді?

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ҚҰДАЙДЫҢ РАҚЫМЫ

КІРІСПЕ

Құдайдың бізге деген бүкіл көзқарасы бүгінгі күні Оның рақымына негізделген. Бұл лайықсыз болсақ та, Оның бізге оң көзбен қарауын білдіреді.

Киелі кітапта «рақым» сөзі 160 реттен көбірек қолданылады. Інжіл шарифте (Жаңа Келісім) сол сөз 128 рет Құдайды «барлық рақымның» қайнар көзі деп суреттегенде қолданылған. Ол Мәсіхті «рақымға толы» деп суреттейді (Жох 1:14). Ол Киелі Рухты «Құдайдың рақымын жеткізген Киелі Рух» деп атайды (Евр 10:29). Сонымен құдайлық үшбірліктің үш Тұлғасы да рақыммен байланысқан.

МАҒЫНАСЫН АЙҚЫНДАУ

«Рақым» сөзі Көне Келісімде қолданылғанда дәрежесі өзінен төмен біреудің қатесін кешіре салу дегенді білдіреді. Інжіл шарифте (Жаңа Келісімде) «рақым» сөзі «оң көзбен қарау, оң ниетте болу, қайырымды болу» дегенді білдіреді.

«Рақым» сөзінің барлық мағыналарын бірнеше сөзбен жеткізу айтарлықтай қиын. Бұдан кейінгі берілген анықтамалар оны жақсырақ ұғынуға көмектеседі.

1. Рақым лайықсыз болса да адамға көрсетілген сүйіспеншілік. Құдай сүйіспеншілік, Ол Өзінің сүйіспеншілігін айыпты, әділетсіз де бүлікшіл күнәкарларға көрсеткенде, бұл рақым деп аталады.

2. Рақым біз Құдайдың қаһары мен сотынан өзге ештеңеге де лайықты болмағанда, Оның бізге тек қана сүйіспеншілік пен мейірімділік көрсетуі.

3. Жер бетіндегі ең түкке тұрғысыз, ең жаман адам баласын құтқару үшін Құдайдың Көктегі Патшалығында бардың ең жақсысын сол адамдарға сыйлауынан да Оның рақымы көрінеді.

АРАСЫН АЖЫРАТУ

Рақымды іс-әрекеттермен араластырмандар. Егер біз игі істерімізбен құтқарылуға ие бола алған болсақ, онда құтқарылу солардың төлемі болған болар еді (Рим 4:4,5; 11:6). Құдай бізге ештеңеге міндетті емес. Құтқарылу біз лайықты болғандай сыйлық емес.

Рақымды заңмен де араластырмандар. Біз заңды берік ұстанғанымызға бола құтқарылмаймыз. Біз рақыммен құтқарылдық.

Заң бізден белгілі-бір шарттарды орындауды талап етеді. Ал рақым бізге, осы шарттар орындалды дейді.

Заң: «Мынаны орында сонда өмір сүретін боласың» дейді.
Рақым: «Өмір сүр, сонда сен мұны орындайсың» дейді.

Заң: «Сен мәңгі тірі өз Құдайыңды сүйетін боласың» дейді. Рақым: «Құдай адамзатты сондай қатты сүйеді» (Жох 3:16 және «Біз сүйеміз, себебі Ол бізді алдымен сүйді» Жох1 4:19) деп жариялайды.

Заң біздің ең үздіктерімізге айып тағады (Рим 3:19), ал рақым ең жаман күнәкарларды құтқарады (Рим 3:24; Тим1 1:15-16).

Заң біздің көзімізді күнәға ашады (Рим 3:20), ал рақым бізге құтқарылуды көрсетеді (Тит 2:11-13).

РАҚЫМҒА МҰҚТАЖДЫҚ

Біз күнә жасап, Құдайдың киелі заңын бұздық (Рим 3:23; Қол 1:21). Сондықтан да біз Құдайдың тарапынан тек айыпталуға ғана лайықтымыз. Оның киелі заңын бұзғандықтан, айыпкерлер ретінде Оның сотының алдында тұрамыз (Рим 3:19; Жақ 2:10) және Құдайдың қарғысына ұшыраймыз (Ғал 3:10).

Адамдардың Құдайдың рухани Ұлынан бас тартып, оны өлтіргендеріне бола, біз Құдайға ешқандай өкпелей алмаймыз (Жох 12:31-33; 3:18).

РАҚЫМ АРҚЫЛЫ ҚҰТҚАРЫЛУ

Егер біз құтқарылуды қабылдасақ, бұл тек қана Құдайдың рақымымен болады. Алайда Құдай киелі. Ол күнәға міндетті түрде назар аударады. Күнә жазалануға тиіс.

Киелі кітап бізге Құдай Өзінің киелілігіне нұқсан келтірмей күнәкарларды құтқара алады дейді. Мәсіх Құдайдың күнәға құйылған қаһары мен жазасын Өзінің мойнына алды. Мәсіхтің ісіне бола Құдай сенімдерін Иеміз Исаға артқандардың бәріне құтқарылуды сыйлай алады.

Иса құтқарылуға қатысты бүкіл істі орындады! Рақым күнәкардан құтқарылуды қабылдау үшін тек сенімді ғана талап етеді (Еф 2:8, 9).

РАҚЫММЕН ЖАРЫЛҚАУ

Рақым күнәкарларға көптеген ғажайып жарылқауларды әкеледі. Біз солардың ең маңызды үшеуіне тоқталайық.

1. *Құтқарылу* (Тит 2:11-13). Құтқарылу сенушінің мәңгілік өмірге ие екенін білдіреді.

2. *Ақталу* (Рим 3:24-26). Бұл Құдайдың Исаға сенімін артқан күнәкарды барлық күнәларынан ақтап алатынын білдіреді.

3. *Құдайға жол ашылу*. (Рим 5:2). Бұл шынайы сенушілердің мінажат ету арқылы Құдайдың алдына бара алатындарын білдіреді. Күнәларымыз енді бізді Құдайдан ажырата алмайды.

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ РАҚЫМ

1. «Рақым» сөзінің мағынасын талқылаңыздар. Адам Құдайдың рақымына неліктен лайықты немесе лайықсыз?

2. Құтқарылу мәселесіндегі «оған қажетті істің» орнын талқылаңыздар. Құтқарылуды қабылдау үшін «қажетті істер» бар ма, әлде олар құтқарылудың нәтижесі ме? Соны түсіндіріңіз.

3. «Заң» мен «рақымды» өзара салыстырыңыз. Игі істер мен жеке ұмтылыстар арқылы Құдайдың құтқарылуына ие болудың мүмкін еместігін көрсетіңіз.

4. Топ ретінде бірігіп «рақым» ұғымын әркім өзінің күнделікті жеке өмірінде қалай көрсете алатыныңыз жайлы пікір таластырыңыздар.

5. Мәсіхтің құрбандық өліміне сүйеніп рақымның құтқарылуды іздеген күнәкарлардан тек қана сенім көрсетулерін талап ететіні жайлы пікір таластырыңыздар.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

СЕНІМ

Сенімнің айрықша маңызға ие екенін байқау үшін бізге Киелі кітапқа тым тереңдеудің қажеті жоқ. Сенім болмаса біз құтқаруды қабылдай алмаймыз (Еф 2:8,9). Сондықтан да бізге оның мағынасын ұғыну маңызды.

СЕНІМ ДЕГЕН НЕ?

Сенім жеке наным немесе сенім білдіру. Күнделікті өмірде осы сөздерді қолданамыз. «Мен өзімді емдейтін дәрігеріме сенемін» дейміз біз. Мұнымен өзімізді емдеп, сауықтыру мәселесінде сол дәрігерге сенім артатынымызды білдіреміз. Дәл осылай Киелі кітапта да сенім Құдайға жекелей сенім арту болып табылады. Бұл біздің Құдайдың сөзіне сенетінімізді және өзімізді құтқару мен аман сақтау мәселесінде Оған сенім артатынымызды білдіреді.

СЕНІМ ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛАДЫ?

Егер айналамызды қоршаған әлемге көз салсақ, біз кейбір адамдардың Құдайға сенбейтінін, сондықтан да құтқарылудан алшақ екенін көреміз. Сонда: «Сенім қайдан пайда болады?» деген сұрақ өздігінен туындайды.

Былай алғанда сенім Құдайдың сыйы (Жох 3:27). Құдай бізге Өзіне сенім артуға күш береді.

Ал біз сенімді қалай қабылдаймыз? Бұған жауапты Рим 10:17 аяттан табамыз. Сенім сөздерді яғни Мәсіхтің сөздерін, естуден келеді. Киелі кітап бізге Иеміз Иса Мәсіх туралы баяндайды. Сондықтан да егер біз Құдайға сенбейтін болсақ, онда Киелі кітапты оқуымыз қажет. Оқыр алдында біз былай деп мінажат етуге тиіспіз: «Көктегі Әкеміз, егер осы Кітап Сенің сөзің, Мәсіх Иса Сенің рухани Ұлың болса, әрі Ол мен үшін өз жанын құрбан еткен болса, Киелі кітапты оқыған кезде маған осы ақиқаттарды ашып көрсетші». Егер біз Құдайдың еркін орындағымыз келсе, онда ақиқатты ұғып-білетін боламыз. Құдай бізге осыны уәде етті (Жох 7:17).

СЕНИМНІҢ НЫСАНЫ НЕ?

Сенім бір нысанға бағытталуға тиіс, ол мүмкін адам болар, мысалы, туысқаның не досың, немесе жансыз нәрсеге, мысалы, үстел не ұшак.

Сенімге ие болумен іс бітті деуге болмайды. Біз оны бір сенімді нысанға бағыттауымыз қажет. Мүмкін біз, межелеген жерімізге жеткізеді деп, жеңіл не жүк таситын машинаға сенерміз. Бірақ сол машина ескі әрі бөлшектерінің тозығы жеткен күйде болса, ол жол бойында сынып қалуы әбден мүмкін ғой. Сондай жағдайда біз сенімсіз нысанға сенім артқанымызды көреміз.

Киелі кітап Иеміз Мәсіх Исаның сенімнің шынайы нысаны екенін көрсетеді (Елш 20:21). Сеніміміздің қаншалықты әрі оның күшінің қандай екені маңызды емес. Маңыздысы оның Мәсіхке бағытталуында. Егер Мәсіх Иса сеніміміздің нысаны болса, онда біздің құтқарылғанымыз.

Сіз Киелі кітаптың Мәсіх жайлы айтқандарының бәріне сене аласыз, алайда сөйте тұра, Оның Өзіне сенім артпауыңыз мүмкін. Дәл осымен сіз пәлен бағыттағы поезд таңертеңгі сағат 9-да жолға шығып, белгілі жерге кешкі сағат 5-те жетеді деп сене аласыз. Мүмкін сол поездға қатысты барлық деректерге сенетін шығарсыз. Алайда өзіңізге қажетті сол поездға отырып алғанша, сіз оған сенбейсіз. Тек отырғаннан кейін ғана оның сізді баратын жеріңізге апаратынына сенім білдіресіз.

Сіз Мәсіхке қатысты бүкіл деректермен танысып, ал Оның өзіне әлі де сенім артпауыңыз мүмкін. Мәсіхтің Бетлехемде дүниеге келіп, Ғолғотада жанын қиғанына сенуіңіз мүмкін. Оның өлімнен қайтадан тіріліп, көкке көтеріліп кеткеніне де сене аласыз. Алайда өз басыңыздың күнәдан құтқарылып, көктегі мәңгілік өмірді иемденуіне байланысты мәселеде сіз сеніміңізді Мәсіхке артпайынша, шынайы түрде Оған сенім артпайсыз.

СЕНИМНІҢ МЫСАЛДАРЫ

Киелі кітапта сенімге қатысты берілген мысалдар өте көп. Еврейлерге арналған хат жазбасының он бірінші тарауында сенімнің керемет үлгісі болған ер адамдар мен әйелдердің тізімі келтірілген. Иеміз Иса да зор сенімге ие болған екі адамға жолыққан. Римдік жүзбасы Иса тек бір сөз айтса болғаны сал болып қатты қиналып жатқан қызметшісінің сауығып кететініне сенген (Мат 8:5-10). Қанахандық әйелдің де сенімі ғаламат зор болды. Ол таңдаулы Исраил халқына ғана арналған наннан өзіне де берілуін жалынып сұрап қоймады (Мат 15:22-28).

СЕНИМНІҢ МАРАПАТТАЛУЫ

Құдай шынайы сенімді марапаттайды. Құдайға сенім артқан бірде-бір адам сонысына өкінбейді. Күнәларына

өкініп тәубеге келген әрі сенімін Иеміз Мәсіх Исаға артқан әрбір күнәкарды Құдай құтқарды. Құтқарушымыз былай деді: «...Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін» (Жох 6:37).

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ОНЫНШЫ ТАРАУ СЕНІМ

1. Сенімге анықтама беріңіз. Бұл анықтаманы күнделікті өмірде сенімді қалайша шыңдайтынымыздың мысалдарымен бекітіңіз.
2. Рим 10:17 аятты оқып шығып, сенімді қалай қабылдай алатынымызды түсіндіріңіз. Сенім мен естіген сөздерді, білім мен Құдайдың сөздерін салыстырыңыз.
3. Неліктен біздің Мәсіхке деген сеніміміз уағыздаушыға, сенушілер қауымына немесе мекемеге деген сенімнен әлдеқайда басым?
4. Киелі кітаптағы сенімге қатысты берілген мысалдарды талқылаңыздар.
5. Құдай сенімді қалай марапаттайды? Еврейлерге арналған хаттың он бірінші тарауын оқып шығып, талқылаңыздар.

ЖҰМАҚ ЖӘНЕ ТОЗАҚ

Адамдар болашаққа әрдайым қызығушылық танытып келді. Мұны төмендегі сұрақтар туындатты: Өлім бәрінің де соңы ма? Өлгендер қайда болады? Жұмақ пен тозақ жайлы біз не біле аламыз?

ӨЛГЕННЕН KEЙІН БІЗБЕН НЕ БОЛАДЫ?

Ең басынан-ақ біз адамның үш құрылымнан: тәннен, жаннан және рухтан тұратынын есте сақтауға тиіспіз (Сал1 5:23). Біз тәнімізді көріп, ұстай аламыз, бірақ жанымыз бен рухымызды көріп, қол тигізе алмаймыз. Біз рухымызбен Құдайды, жанымызбен өзімізді, ал тәнімізбен айналамызды қоршаған әлемді танып біле аламыз. Тек Құдайдың сөзі ғана жан мен рухтың арасын айырып, ажырата алады (Евр 4:12).

Адам өлгенде жаны мен рухы тәнді тастайды. Дене қабірге жерленеді. Киелі кітап сенуші өлгеннен кейін оның денесі ұйқыда жатқандай болады дейді (Елш 7:59,60; 8:2). Ол құтқарылмаған адамның тәні жайлы өлген материя ретінде айтады. Жан мен рух сергек болып, ешқашан ұйқының билігінде болмайды.

Құтқарылған адам қайтыс болса, жаны мен рухы көкке, жұмаққа кетеді. Көк яғни, жұмақ рақат пен қуаныштың мекені (Қор2 5:8; Філ 1:21,23). Егер адам құтқарылмастан қайтыс болса, оның жаны мен рухы о дүниедегі тозаққа кетеді. О дүниедегі тозақ қайғы-қасірет пен жазаның орны. Лұқ 16:19-31 аяттарда Иеміз өлгендердің сезімдері мен ақыл-санасын сақтап қалатыны жайлы тәлім береді.

Олар өз айналасында болып жатқандарды біледі. Осы маңызды аяттарды оқып шығуды ұмытпаңыз?

ТОЗАҚ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Өлгеннен кейін Құдайға сенбейтін адамның жаны мен рухының о дүниедегі тозаққа баратыны жайлы айтып кеткен болатынбыз. О дүниедегі тозақ азаптың орны. Ол шынайы сезіледі (Лұқ 16:23-25). Ондағылар көзі, тілі, құлағы, саусақтары және ақыл-есі бар жеке тұлға ретінде айтылады. Олар өздерінің тозақтағы жағдайын толықтай ұғынады.

Киелі кітап о дүниедегі басқа бір қасірет пен азаптың орны жайлы да айтады. Сол орын отты көл. Ұлы ақ тақтың алдында болатын қиямет соты кезінде о дүниедегі адамдардың жандары өз тәндерімен табысып, қабірлерден қайтадан тіріліп шығады. Содан кейін Мәсіх сол күнәкар болып өлгендерге ақтық сотын жүргізеді. Олар отты көлге лақтырылады (Аян 20:11-15). Біз о дүниені қамауға алынғандар сот шешімін күтіп отыратын қалалық түрмеге ұқсайды деп айта аламыз. Ал отты көл түрмеге қамалған адам өмір бойы жазасын өтейтін түзету мекемесі іспетті. Иеміз тозақты суреттегенде ондағы тәнді кеміретін құрттар да өлмейді, от та сөнбейді дейді (Мар 9:43-48). Тозақ, бұл адам нақты сезетін азаптың орны.

Күнәнің жазасы мәңгілік пе? Аян жазбасында сотталғандардың азабы суреттелгенде «мәңгілік» сөзі қолданылады (Аян 14:11).

Сүйіспеншіліктің Құдайының адамдардың тозаққа баруына жол беруі мүмкін бе? Құдай біздің өлгенімізді қаламайды. Ол Өзінің рухани Ұлының айқыштағы құрбандығы арқылы біздің Құтқарылуымызды

қамтамасыз етті (Рим 5:6,8). Егер біз Құтқарушыдан бас тартсақ, онда тозақты таңдап алғанымыз. Құдай сүйіспеншіліктің Құдайы (Жох1 4:8), Ол сондай-ақ қасиетті де (Пет1 1:16). Ол күнәні жазалайды. Біз ауырған адамды еш күмәнданбастан ауруханаға апарып, қылмыскерді түрмеге қамап, қайтыс болғандарды жерлейміз. Біз адамдарды сүйе тұра осылай істей аламыз.

Ал Ізгі хабардың шындығын ешқашан естімеген адамдармен не болмақ? Қалған басқа адамдар сияқты олар өлген күнәкарлар болып табылады. Тек Мәсіх қана оларды құтқара алады. Олар Құдайдың бар екендігін өздерін қоршаған Оның жаратылысынан байқап, түсіне алады (Рим 1:20,21; Заб 18:1). Олардың ар-ұждандары да ненің ізгі, ненің зұлымдық екенін білдіреді (Рим 2:15). Егер олар өздеріндегі нұрға бағынса, Құдай олардың ақыл-саналарына одан бетер нұр құяды. Корнел жайлы әңгімеге назар аударыңыз (Елш 10,11 тараулар).

ЖҰМАҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Киелі кітап бізді күтіп тұрған «жұмақ» деп аталатын рақат пен шаттықтың орны жайлы тәлім береді. Ол жерге Иеміз Мәсіх Исаның білетін және Оны сүйетіндер барады дейді. Киелі кітап «жұмақ» сөзін әртүрлі үш мағынада қолданады. Ең алдымен ол әуе кеңістігі, аспан деп аталады (Жар 1:8). Содан кейін ол жұлдыздар орналасқан кеңістікті аспан әлемі деп атады (Жар 1:17,18). Ал ең соңында осы сөзбен Құдайдың мекендейтін орны суреттелген. Пауыл оны «көктің ең биігі, үшінші көк» және «жұмақ» деп атайды (Қор2 12:2-4). Біз көкті «ең биік» орын, Құдайдың мекені деп айтамыз. Өзәзіл шайтан «мен аспанға көтерілемін» деген (Мыс 14:13,14).

Біз Иеміз Исаның қазір көкте екенін білеміз. Өлімнен

қайтадан тірілгеннен кейін Ол Өзінің салтанатқа бөленген денесімен көкке көтеріліп кетті (Лұқ 24:38,39,51; Пет1 3:22; Евр 1:3 оқыңыз).

Көктегі сенушілердің саны өте көп. Сенуші өлген кезде көкке барады. Киелі кітап сенушілер «тәндерін тастап, Иелерінің қасында орнығуды қалайды» дейді (Қор2 5:8). Осы сенушілер қуанышпен Иеміздің қасында болады, «бұл бәрінен де анағұрлым жақсы!» (Філ 1:23)

Ал көк қандай екен? Киелі кітапты жазушылар оны суреттеу үшін сөз таба алмаған. Аян жабасында (21:10-27). Мәсіхтің елшісі Жохан көктегі қаланы: оның ірге тасын, тар қабырғаларын, қақпаларын және көшелерін суреттейді. Олар ғажайып сұлулықпен айрықшаланады. Біз көкте өлім, жоқтау, зар еңіреу мен аурудың болмайтынын білеміз (Аян 21:4). Алайда ең кереметі сол орында Иеміз Мәсіх Исаның болуы. Біз Оның қасында болып шаттық пен бақытқа кенелеміз.

ТОПТЫ ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ОН БІРІНШІ ТАРАУ ЖҰМАҚ ПЕН ТОЗАҚ

1. Сенуші адаммен сенбеушінің өліміне байланысты «тән», «жан» және «адамның рухы» деген ұғымдарға анықтама беріңіз.
2. Уақыт бар болып тұрғанда жер бетіндегі өмірімізді қалай өткізуіміз туралы Лұқ 16:19-31 аяттар не дейді?
3. Тарауда айтылғандарға негізделіп о дүние мен тозақ ұғымдары туралы талқылаңыз. Олардың Құдайға сенбейтін адамның болашақ тағдырына

қандай қатысы бар екенін айтыңыздар.

4. Ал Мәсіх туралы ешқашан естімегендермен не болады? Олар құтқарылуға ие бола ала ма?

5. Өлгеннен кейін сенушімен не болады? Сенбеушімен ше? Көк, яғни Құдайдың мекені немесе жұмақ қайда? Ол қандай? Көк, яғни жұмақ қазір бар ма, әлде ол болашақта жасалатын орын ба?

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

МӘСІХ ИСАНЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛУІ

Иеміз Иса жер бетіне қайтып келеді. Інжіл шариф (Жаңа Келісім) Оның қайта келуінің екі аспектісі туралы айтады. Алдымен Ол Өзінің сенушілер қауымын осы дүниеден алып кетуге келеді. Оның сенушілер қауымын алып кетуге келуі көкке көтерілу деп аталады, өйткені олар көкке барады. Содан кейін Мәсіх Иса Өзін күллі дүниеге құдіретті Патша ретінде көрсетеді. Киелі кітап мұны Оның көрінуі деп атайды.

СЕНУШІЛЕР ҚАУЫМЫНЫҢ КӨККЕ КӨТЕРІЛУІ

Инжіл шарифтегі (Жаңа Келісім) бірнеше керемет үзінділер Иса Мәсіхтің жер бетіне алғашқы келу аспектісіне қатысты. «Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін» (Жох 14:3).

Иса бұл уәдесін Өзінің айқыштағы құрбандық өлімінен

бұрын берді. Кейінірек Пауыл елші көкке көтерілу жайлы Салониқалықтарға арналған хатында сенушілердің естеріне салып өтеді. «Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп ... сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұ дүниеден кеткендер қайтадан тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз» (Сал1 4:16-17; салыстыр 1:10; 2:19; 3:11-13; Жох1 3:1-3). Иеміз келген кезде Өзіне жеке Құтқарушым деп үміт артқандардың бәрін Өзімен бірге көкке алып кетеді. Оның болмысын иемденгендердің бәрі Онымен бірге болады. Алтыншы, жетінші тараулардан біз осы құдайлық болмысты қалай қабылдай алатынымызды көрдік. Ол бізге Иеміз Иса Мәсіхті жеке Құтқарушымыз деп қабылдаған кездегі қайтадан туылу кереметі арқылы беріледі (Жох 1:12,13; 3:5-8).

Мәсіх Өзіне сенетіндердің барлығын Өзімен бірге көкке алып кеткен кезде жер бетінде ғаламат қиын-қыстау кезең туады. Осы кезді суреттегенде Иеміз Иса былай деді: «..Сол уақытта әлем жаратылғаннан бері күні бүгінге дейін еш болмаған және қайтып болмайтын қиын-қыстау кезең бастарыңа түседі» (Мат 24:21). Сонда егер сол күндердің саны қысқартылмаса, бірде-бір пенде құтқарыла алмайтын ауыр азаптардың уақыты туады (Мат 24:4-28; Мар 13:5-23; Аян 6:1-19;21).

Иеміз Иса Өзінің сенушілер қауымын алып кетуге келгенде олардың кездесуі бұлттардың үстінде көкте болады (Сал1 4:17). Бұл жолы Ол жер бетіне келмейді, бірақ жер бетінде патшалық құру үшін Өзін көрсеткен кезде төмен түседі (Зэк 14:4).

МӘСІХТІҢ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҚПЕН КӨРІНУІ

Мәсіх Иса күдіретпен және ғаламат ұлылықпен көкпен келген кезде қиын-қыстау кезең аяқталады (Мат 24:31; 25:31; Сал2 1:7-10; 2:1-12). Ол Жеңімпаз Патша ретінде көрінеді. Өзінің дұшпандарын құртып талқандайды, Ізгі хабарға бағынбағандарды соттайды. Содан кейін Мәсіх мың жыл бойы жерге патшалық құрмақ (Аян 19:11-21; 20:6). Осы мың жылғы кезең Мыңжылдық Патшалық деп аталады (Иш 11:6-9; 32:1; 35:1-7; 65:17-25).

Мәсіх Мыңжылдық Патшалық құрғаннан кейін сенбеушілердің барлығы ұлы ақ тақтың алдында қиямет сотының алдында тұрады (Аян 20:11-15). Жер құрып жоқ болады (Пет2 3:10-13). Жаңа көк пен жаңа жер пайда болады (Аян 21:1-8).

Сенушілер үшін көкке көтерілу Құдайдың жоспарында қарастырылған оқиға. Киелі кітап бізге Иеміз Мәсіхтің сенушілер қауымына келуін тосып жүрген кезімізде киелі өмір сүруге тиіс екеніміз жайлы тәлім береді.

«Сүйікті бауырластарым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз, ал келешекте кім болатынымыз әлі анық емес. Алайда Мәсіх қайтып келгенде Оған ұқсайтынымызды білеміз. Себебі сол кезде Оның шынымен қандай екенін көретін боламыз. Оған осындай үміт артқан әркім Мәсіхтің кіршіксіз таза болғанындай, өзі де күнәдан арылып, тазарады» (Жох1 3:2-3).

Мәсіх қайта келер алдында адамдар бұрынғыдан бетер күнәға батқан үстіне бата түседі. Кейбіреулер тіпті сенімдерінен бас тартатын болады. «Есінде болсын, соңғы дәуірде қиын-қыстау күндер туады. Адамдар өзіншіл, ақшақұмар, мақтаншақ, тәкаппар, өсекшіл

болып, ата-аналарына бағынбайды. Олар алғысты білмей, қасиеттіні танымай, ешкімді сүймей, ымыраға келмейді. Адамдар, сондай-ақ, жалақор, ұстамсыз, қатыгез болып, жақсылықты жек көреді. Опасыз сатқын, ақылсыз қызба, кеуде көтерген олар Құдайдан гөрі ләззат-ермекті артық көреді. Олар сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартады» (Тім2 3:1-5). «Құдай Рухы: Соңғы дәуірде кейбіреулер сенімдерінен бас тартып, жалған рухтарға құлақ салып, жындар үйреткен ілімдерге еретін болады, – деп анық айтады» (Тім1 4:1).

Сіз құтқарылғандар қатарындасыз ба? Егер көкке көтерілу бүгін болатын болса, сіз соған дайынсыз ба? Егер сенуші болсаңыз өміріңізді киелілікте әрі Иемізбен қарым-қатынаста өткізіп жүрсіз бе?

ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ МӘСІХ ИСАНЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛУІ

1. Мәсіхтің жер бетіне қайтып келуі жайлы мәтінде не айтылған?
2. Мәсіх Өзіне сенетіндерді көкке алып кеткеннен кейін жер бетінде ғаламат қайғы-қасіреттің кезеңі туады. Сол кезең қашан аяқталады?
3. Мат 24:30; 25:31; Аян 20:6 аяттарға сай Мыңжылдық Патшалық кезеңі қандай болады?
4. Тім2 3:1-5; Тім1 4:1 аяттарда жазылғандармен қазіргі уақыттың арасындағы қандай байланысты көресіз?

5. Мәсіхке сенуші Оның жер бетіне қайтып келуін күтіп жүргенде өзін қалай ұстауға тиіс?